препараттар холекинетикалық, спазмолитикалық, антибактериалды, қабынуға қарсы, жараны жазатын әсер көрсетеді.

Өттегі тасты емдеуге, құрамында құмдық салаубас гүлдерінің экстрактысы мен лаванда майы қосылған «Лавафлам» таблеткасы шығарылған [2].

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша, құмдық салаубас гүлдерінен алынған экстракттар антиоксиданттық және антибактериалды, цитоксикалық, туберкулезге қарсы әсерге ие екені дәлелденген [3, 4, 5, 6].

Сонымен қатар, құмдық салаубас препараттары өт секрециясын күшейтеді, өт қабының тонусын арттырады, өттің химиялық құрамын өзгертеді, қандағы билирубин және холестерин мөлшерін азайтады.

Құмдық салаубас гүлдерінде флаванондар (нарингенин және оның гликозидтері салипурпозид және прунин), флаванондар (апигенин, лютеолин және олардың гликозидтері) және флавонолдар (кемпферол, кверцетин және гликозидтері) бар екені анықталды [7, 8, 9].

Берілген шикізат құрамында сонымен қатар ілеспелі заттар: полисахаридтер, кумариндер (умбеллиферон, скополетин, эскулетин), гидроксикорич қышқылдары, илік заттар, эфир майлары (0,04 %) бар.

Медициналық мақсатта құмдық салаубастың толық ашылмаған гүлдерін жинап, кептіреді. Кептірілген шикізаттарды қараңғы жерде сақтайды.

**Зерттеудің мақсаты** – құмдық салаубас гүлдерінен флаваноидтарды бөліп алу үшін экстракция параметрлерінің әсерін зерттеу және бөліп алуды жылдамдату жағдайларын анықтау.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** зерттеуге арналған материалы – **Түркістан облысы, Толе би ауданы, Қаратөбе өңірінде өсетін құмдық салаубас гүлдері.**

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Толе би ауданы, Қаратөбе ауылында өскен құмдық салаубас құрамынан флаваноидтарды бөлшекті мацерация әдісі мен термиялық экстракциялауды қолданып, бөліп алу тәсілдері қарастырылды. Салыстыру мақсатында әртүрлі концентрациядағы этил спирті экстрагент ретінде қолданылды: 40 %; 70 %; 96 %. Экстракциялау барысында температураны жоғарылату арқылы флаваноидтардың бөлінуін, яғни шығымын арттыруға болатыны анықталды және ең жоғары нәтижелер 70°C температурада көрсетілді. Берілген температура этил спиртінің барлық концентрациясында оптималды көрсеткіш көрсетеді, соның ішінде 70 % этил спиртімен қажетті заттар көп бөлінетіндігі көрінді.

Сығындыларды сандық және сапалық талдау спектрофотометрия әдісімен және жұқа қабатты хроматография әдістерімен жүргізілді. Зерттеу жұмыстары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында жүргізілді.


**Құмдық салаубас гүлдерінен флаваноидтарды әр түрлі концентрациядағы этил спиртімен экстракциялау.**

Калибрлеу графигін тұрғызу үшін концентрациясы 1 000 мкг/мл рутиннің стандартты ерітіндісі дайындалды. Ол үшін аналитикалық таразыда 50 мг рутин (98-99 %) дәл өлшеніп, 50 мл өлшегіш колбаға құйылады, шамамен 30-40 мл 96 % этил спирті қосылып, араластыра отырып рутин ерітіледі. Рутинді еріткен соң колба белгісіне дейін 96 % этил спирті құйылып, қажетті көлемге жеткізіледі. Құрамында 1 000 мкг/мл рутин бар стандартты ерітінді алу үшін мұқият араластырылады.

Әрі қарай сыйымдылығы 25 мл алты өлшеуіш колбаға 2 мл 5 % алюминий хлоридінің 96 % этил спиртіндегі ерітіндісі, содан кейін рутиннің стандартты ерітіндісінің аликвотын: 0,25; 0,5; 1,0; 1,5; 2,0; 2,5 мл қосып, белгісіне дейін этил спиртімен жеткізеді. Мұқият араластырады.

Концентрациялары 10; 20; 40; 60; 80; 100 мкг/мл ерітінділер алынды. Оптикалық тығыздық көрсеткіштері 410 нм-де өлшенді.

**Рутин бойынша жалпы флаваноидтардың құрамын калибрлеу графигі**



Сурет 1-Concentration Analysis Report

Report time 25.09.2023 10:09:29

Method

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл  
X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы  
развития биологии, медицины и фармации»*

Batch name C:\Varian\Cary  
 Winuv\HegayR\_Cary\ФЛАВОНОИДЫ\25.09.23  
 Application Concentration 3.00(339)  
 Operator

Instrument Settings

Instrument Cary 50  
 Instrument version no. 3.00  
 Wavelength (nm) 410.0  
 Ordinate Mode Abs  
 Ave Time (sec) 0.1000  
 Replicates 3  
 Standard/Sample averaging OFF  
 Weight and volume corrections OFF  
 Fit type Linear  
 Min R? 0.95000  
 Concentration unitsmg/ml

Comments:

Zero Report

| Read | Abs | nm |
|------|-----|----|
|------|-----|----|

---

|      |          |       |
|------|----------|-------|
| Zero | (0.1754) | 410.0 |
|------|----------|-------|

Calibration

Collection time 25.09.2023 10:10:02

| Standard | Concentration | F | Mean | SD | %RSD | Readings |
|----------|---------------|---|------|----|------|----------|
|----------|---------------|---|------|----|------|----------|

mg/ml

---

|       |  |  |  |        |  |  |
|-------|--|--|--|--------|--|--|
| Std 1 |  |  |  | 0.2827 |  |  |
|-------|--|--|--|--------|--|--|

0.2825

|      |        |        |      |        |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|
| 10.0 | 0.2827 | 0.0003 | 0.09 | 0.2830 |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|

|       |  |  |  |        |  |  |
|-------|--|--|--|--------|--|--|
| Std 2 |  |  |  | 0.6005 |  |  |
|-------|--|--|--|--------|--|--|

0.6005



|                        |        |        |      |                             |
|------------------------|--------|--------|------|-----------------------------|
| 20.0                   | 0.6007 | 0.0003 | 0.06 | 0.6011                      |
| Std 3                  |        |        |      | 1.1866                      |
| 1.1875                 |        |        |      |                             |
| 40.0                   | 1.1871 | 0.0005 | 0.04 | 1.1871                      |
| Std 4                  |        |        |      | 1.8062                      |
| 1.8025                 |        |        |      |                             |
| 60.0                   | 1.8057 | 0.0030 | 0.17 | 1.8085                      |
| Std 5                  |        |        |      | 2.4112                      |
| 2.3914                 |        |        |      |                             |
| 80.0                   | 2.4034 | 0.0106 | 0.44 | 2.4077                      |
| Std 6                  |        |        |      | 2.9579                      |
| 2.9115                 |        |        |      |                             |
| 100.0                  | 2.9471 | 0.0316 | 1.07 | 2.9720                      |
| Calibration eqn        |        |        |      | Abs = 0.02974*Conc +0.00105 |
| CorrelationCoefficient |        |        |      | 0.99963                     |
| Calibrationtime        |        |        |      | 25.09.2023 10:13:11         |

### **Өсімдік шикізатын экстракциялау әдістемесі**

Массасы 0,50 г шикізатты 25 мл экстрагент (концентрациялары 40 %; 70%; 96 % этил спирті) құйылған 100 мл колбаға салып, кері тоңазытқыш орнатады. Шикізат пен экстрагенті бар колбаны температурасы 70<sup>0</sup>С су моншасына салып, осы температурада 30 минут ұстап тұрады. Содан кейін, сығындыны 50 мл өлшеуіш колбаға абайлап құйып, экстрагентпен белгісіне дейін жеткізеді.

Сығындалған шикізатқа экстрагенттің жаңа бөлігін қосып, экстракцияны жоғарыда сипатталғандай жүзеге асырады. Экстракцияны әр жолы жаңа экстрагентті пайдалана отырып, төрт рет қайталайды.

Әрбір экстракция сатысында флавоноидтардың жалпы құрамы спектрофотометр көмегімен рутин бойынша анықталды.

Ол үшін 25 мл өлшегіш колбаға 1 мл аликвотты және 2 мл 5 % алюминий хлоридінің спирттік ерітіндісін құйып, 96 % этил спиртімен белгісіне дейін жеткізіп, жақсылап араластырып, бөлме температурасында 30 минутқа қалдырады. Көрсеткіштерін бос үлгіге қатысты 410 нм толқын ұзындығында өлшейді.

Төртінші экстракцияның талдауы жасалынбады, себебі визуалды түрде сығынды мүлдем боялмады және үшінші экстракциялауда қолданылған әдебиет деректеріндегідей флавоноидтардың шығымы өте төмен болды (\*«Выделение флавоноидов из цветков бессмертника песчаного» Н.Ю. Адамцевич, Е.В. Фкеськова, В.С. Болтовский, В.В. Титок, В.Н. Леонтьев УДК:615.322 Веснік ВДУ 2021-№4 (113)). Ал төртінші экстракция талдау негізінде ұсынылмайды.

Нәтиже деректеріне сүйене отырып, кесте мен графиктің тәуелділігін көреміз. Этил спиртінің оптималды концентрациясы 70 %, уақыт 30 минут, температура 70<sup>0</sup>С, бұл әдебиет деректеріне сәйкес келді.

**Есептеу формуласы:**

$$X = (C_{изм} * V_2 * V_0 * 100) / (V_1 * m * 1000), \text{ мг/100 г шикізат}$$

Бұл жерде, m – үлгі салмағы, г

V<sub>0</sub> – сынама (экстракт) бар ерітінді көлемі, см<sup>3</sup>

V<sub>1</sub> – сұйытуға арналған аликвот, см<sup>3</sup>


V<sub>2</sub> – сұйылтылған ерітіндінің көлемі (аналит), см<sup>3</sup>

C<sub>изм</sub> – өлшенген концентрация, мкг/см<sup>3</sup>


Қатты: сұйық қатынасы (1:50) температура 70<sup>0</sup>С, экстракция уақыты 30 минут.

**Кесте 1. Сығынды алу**

| Сығынды алу         | Ауада кептірілген шикізаттағы рутин мг/100 г есептегенде жалпы флавоноидтар мөлшері |            |            |
|---------------------|---|------------|------------|
|                     | 40% этанол  | 96% этанол | 70% этанол |
| 1 экстракция кезеңі | 6375,00   | 7400,00    | 7650,00    |
| 2 экстракция кезеңі | 2825,00   | 2175,00    | 1525,00    |
| 3 экстракция кезеңі | 550,00  | 370,00     | 290,00     |



Сурет 2-1-ші экстракция кезеңі



Сурет 3- 2-ші экстракция кезеңі

1- 40 % этил спирті; 2 -96% этил спирті; 3 - 70% этил спирті

### 1-ші экстракция кезеңі

Concentration Analysis Report

Report time 25.09.2023 12:50:45

Method

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл*  
*X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы*  
*развития биологии, медицины и фармации»*

Batch name C:\Varian\Cary  
Winuv\HegayR\_Cary\ФЛАВОНОИДЫ\25.09.23 пробы 1  
Application Concentration 3.00(339)  
Operator

Instrument Settings

Instrument Cary 50  
Instrument version no. 3.00  
Wavelength (nm) 410.0  
Ordinate Mode Abs  
Ave Time (sec) 0.1000  
Replicates 3  
Standard/Sample averaging OFF  
Weight and volume corrections OFF  
Fit type Linear  
Min R? 0.95000  
Concentration unitsmg/ml

Comments:

Zero Report

| Read | Abs      | nm    |
|------|----------|-------|
| Zero | (0.1754) | 410.0 |

Calibration eqn Abs = 0.02974\*Conc +0.00105  
Correlation Coefficient 0.99963  
Calibration time 25.09.2023 10:13:11

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл*  
*X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы*  
*развития биологии, медицины и фармации»*

Analysis

Collection time 25.09.2023 12:50:45

| Sample | Concentration | F | Mean | SD | %RSD | Readings |
|--------|---------------|---|------|----|------|----------|
|--------|---------------|---|------|----|------|----------|

mkg/ml

---

|           |  |  |  |        |  |  |
|-----------|--|--|--|--------|--|--|
| Sample 40 |  |  |  | 0.7607 |  |  |
|-----------|--|--|--|--------|--|--|

0.7613

|      |        |        |      |        |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|
| 25.5 | 0.7606 | 0.0007 | 0.09 | 0.7600 |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|

|           |  |  |  |        |  |  |
|-----------|--|--|--|--------|--|--|
| Sample 70 |  |  |  | 0.8826 |  |  |
|-----------|--|--|--|--------|--|--|

0.8815

|      |        |        |      |        |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|
| 29.6 | 0.8816 | 0.0010 | 0.11 | 0.8807 |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|

|           |  |  |  |        |  |  |
|-----------|--|--|--|--------|--|--|
| Sample 96 |  |  |  | 0.9119 |  |  |
|-----------|--|--|--|--------|--|--|

0.9100

|      |        |        |      |        |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|
| 30.6 | 0.9110 | 0.0010 | 0.10 | 0.9110 |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|

Read sequence cancelled

Results Flags Legend

U = Uncalibrated            O = Overrange

N = Not used in calibration    R = Repeat reading

**2-ші экстракция кезеңі**

Concentration Analysis Report

Report time 25.09.2023 13:34:32

Method

Batch name C:\Varian\Cary

Winuv\HegayR\_Cary\ФЛАВОНОИДЫ\25.09.23 2 йслив

Application Concentration 3.00(339)

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл*  
*X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы*  
*развития биологии, медицины и фармации»*

Operator

Instrument Settings

Instrument Cary 50  
Instrument version no. 3.00  
Wavelength (nm) 410.0  
Ordinate Mode Abs  
Ave Time (sec) 0.1000  
Replicates 3  
Standard/Sample averaging OFF  
Weight and volume corrections OFF  
Fit type Linear  
Min R? 0.95000  
Concentration unitsmg/ml

Comments:

Zero Report

| Read | Abs | nm |
|------|-----|----|
|------|-----|----|

---

|      |          |       |
|------|----------|-------|
| Zero | (0.1705) | 410.0 |
|------|----------|-------|

Calibration eqn Abs = 0.02974\*Conc +0.00105

Correlation Coefficient 0.99963

Calibration time 25.09.2023 10:13:11

Analysis

Collection time 25.09.2023 13:34:32

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл*  
*X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы*  
*развития биологии, медицины и фармации»*

| Sample | Concentration | F | Mean | SD | %RSD | Readings |
|--------|---------------|---|------|----|------|----------|
|--------|---------------|---|------|----|------|----------|

mkg/ml

---

Sample 400.3373

0.3377

11.3 0.3380 0.0009 0.26 0.3390

Sample 700.2600

0.2603

8.7 0.2600 0.0002 0.07 0.2599

Sample 96 0.1832

0.1832

6.1 0.1832 0.0000 0.01 0.1833

Results Flags Legend

U = Uncalibrated            O = Overrange

N = Not used in calibration    R = Repeat reading

### **3-ші экстракция кезеңі**

Concentration Analysis Report

Report time            25.09.2023 14:09:18

Method

Batch name            C:\Varian\Cary

Winuv\HegayR\_Cary\ФЛАВОНОИДЫ\25.09.23 3-йслив

Application            Concentration 3.00(339)

Operator

Instrument Settings

Instrument            Cary 50

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл  
X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы  
развития биологии, медицины и фармации»*

Instrument version no. 3.00  
Wavelength (nm) 410.0  
Ordinate Mode Abs  
Ave Time (sec) 0.1000  
Replicates 3  
Standard/Sample averaging OFF  
Weight and volume corrections OFF  
Fit type Linear  
Min R? 0.95000  
Concentration units mkg/ml

Comments:

Zero Report

| Read | Abs | nm |
|------|-----|----|
|------|-----|----|

---

|      |          |       |
|------|----------|-------|
| Zero | (0.1811) | 410.0 |
|------|----------|-------|

Calibration eqn Abs = 0.02974\*Conc +0.00105

Correlation Coefficient 0.99963

Calibration time 25.09.2023 10:13:11

Analysis

Collection time 25.09.2023 14:09:19

| Sample | Concentration | F | Mean | SD | %RSD | Readings |
|--------|---------------|---|------|----|------|----------|
|--------|---------------|---|------|----|------|----------|

mkg/ml

---

|          |  |  |  |        |  |  |
|----------|--|--|--|--------|--|--|
| Sample 1 |  |  |  | 0.3294 |  |  |
|----------|--|--|--|--------|--|--|

0.3292

|      |        |        |      |        |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|
| 11.0 | 0.3293 | 0.0001 | 0.03 | 0.3292 |  |  |
|------|--------|--------|------|--------|--|--|



Sample 2 0.2217

0.2220

7.4 0.2219 0.0002 0.07 0.2219

Sample 3 0.1745

0.1744

5.8 0.1745 0.0001 0.04 0.1744

#### Results Flags Legend

U = Uncalibrated O = Overrange

N = Not used in calibration R = Repeat reading

**Қорытынды:** өсімдік шикізатының экстракциясы бойынша алынған мәліметтерге сүйене отырып, биологиялық белсенді қосылыстарды (флавоноидтарды) толық экстракциялау үшін оптималды экстрагент 70% этил спирті, температурасы 70<sup>0</sup>С және уақыты 30 минут болды деп қорытынды жасауға болады. Экстракциялардың саны 2 кезеңді құрайды, себебі, үшінші және төртінші экстракцияланған флавоноидтардың концентрациясы (графикте көрінбеді) өте төмен және маңыздылығы жоқ. Ұсынылатын экстракция параметрлері: 70% этил спирті (қ:с 1:50), температура 70<sup>0</sup>С, уақыт 30 минут, сығынды алу кезеңі-2.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Орынбасарова К.К. Құрамында жүрек-қан тамырларына әсер ететін және Р-витаминді белсенділік көрсететін флавоноидтары бар кейбір дәрілік өсімдіктер. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, 2009. – 57 бет.

2. Ivko, M. Development of the Composition and Manufacturing Technology of a New Combined Drug: Lavaflam / M. Ivko [et al.] // Turk. J. Pharm. Sci. – 2018. – No. 15(3). – P. 263–270.

3. Babota, M. Phytochemical analysis, antioxidant and antimicrobial activities of Helichrysum arenarium (L.) Moench and Antennaria dioica (L.) Gaertn. Flowers / M. Babota [et al.] // Mol. – 2018. – No. 23(409). – P. 1–15.

4. Gradinaru A.C. Helichrysum arenarium subsp. arenarium: phenolic composition and antibacterial activity against lower respiratory tract pathogens / A.C. Gradinaru [et al.] // Nat. Product Research. – 2014. – Vol. 28, iss. 22. – P. 2076–2080.
5. Eroglu, H.E. Cytogenetic effects of Helichrysum arenarium in human lymphocytes cultures // Turk. J. Biol. / H.E. Eroglu [et al.]. – 2010. – Vol. 34. – P. 253–259.
6. Скворцова, В.В. Противотуберкулезная активность экстракта бессмертника песчаного (*Helichrysum arenarium*) in vitro / В.В. Скворцова [и др.] // Экспериментальная и клиническая фармакология. – 2015. – Т. 78, № 2. – С. 30–33.
7. European Union herbal monograph on *Helichrysum arenarium* (L.) Moench, flos [Electronic resource] // European Medicines Agency. – Mode of access: [https://www.ema.europa.eu/en/documents/herbal-monograph/draft-european-union-herbal-monograph-helichrysum-arenariuml-moench-flos\\_en.pdf](https://www.ema.europa.eu/en/documents/herbal-monograph/draft-european-union-herbal-monograph-helichrysum-arenariuml-moench-flos_en.pdf). – Date of access: 22.04.2021.
8. Белодубровская, Г.А. Лекарственное растительное сырье. Фармакогнозия: учеб. пособие / Г.А. Белодубровская [и др.]. – СПб.: СпецЛит, 2004. – 765 с.
9. Куркина, А.В. Разработка новых подходов к стандартизации сырья и препаратов бессмертника песчаного / А.В. Куркина // Новые достижения в химии и химической технологии растительного сырья: материалы III Всерос. конф.: в 3 кн. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 2007. – Кн. 2. – С. 250–253.

ӘӨЖ: 615.2:581.18

**Камалова Б.Е., Асильбаева Д.А., Әмренова А.О.,**

**Қалдыбаева Т.Е., Қайыржанова А.Ә**

«Астана медицина университеті» КеАҚ, Астана, Қазақстан

**GMP СТАНДАРТЫ БОЙЫНША «18F-ФТОРДЕЗОКСИГЛЮКОЗА»  
РАДИОФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТЫН ӨНДІРУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТІЛЕРІ**

***Аннотация***

*Ядролық медицина қазіргі әлемде өзекті және сұранысқа ие болып қалатын медициналық диагностика мен емдеудің маңызды саласы болып табылады. Радиофармацевтикалық препаратты енгізгеннен кейін зерттеушілер әртүрлі ауруларды*

диагностикалауға және бақылауға көмектесетін үш өлшемді кескіндерді алу арқылы БФЭКТ жасай алады. Сондықтан диагностикалауға маңызды болып саналатын 18F-фтордезоксиглюкоза өндіру технологиясын ұйымдастыру маңызды болып саналады.

**Кілт сөздер:** 18F-фтордезоксиглюкоза, GMP стандарты, ПЭТ, технология, радиофармацевтикалық дәрілік препарат, СОР, әдістемелік нұсқаулық, жартылай ыдырау кезеңі.

**Камалова Б. Е., Асильбаева Д. А., Амренова А. О.,**

**Калдыбаева Т. Е., Каиржанова А. А**

НАО "Медицинский университет Астаны", Астана, Казахстан

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА  
РАДИОФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА «18F-  
ФТОРДЕЗОКСИГЛЮКОЗА " ПО СТАНДАРТУ GMP**

**Аннотация**

Ядерная медицина является важной областью медицинской диагностики и лечения, которая остается актуальной и востребованной в современном мире. После введения радиофармацевтического препарата исследователи могут сделать АФЭКТ, получив трехмерные изображения, которые помогут диагностировать и контролировать различные заболевания. Поэтому важно организовать технологию производства 18F-фтордезоксиглюкоза, которая является важной для диагностики.

**Ключевые слова:** 18F-фтордезоксиглюкоза, стандарт GMP, ПЭТ, технология, радиофармацевтический лекарственный препарат, СОР, методическая инструкция, период полураспада.

**Kamalova B. E., Asilbaeva D. A., Amrenova A. O.,**

**Kaldybayeva T. E., Kairzhanova A. A**

NJSC "Astana Medical University", Astana, Kazakhstan

**ACTUAL ASPECTS OF THE PRODUCTION TECHNOLOGY OF THE  
RADIOPHARMACEUTICAL DRUG "18F-FLUORODESOXYGLUCOSE" ACCORDING  
TO THE GMP STANDARD**

**Annotation**

*Nuclear medicine is an important area of medical diagnosis and treatment that remains relevant and in demand in the modern world. After administering the radiopharmaceutical, researchers can make AFECTs by obtaining three-dimensional images that will help diagnose and control various diseases. Therefore, it is important to organize the technology for the production of 18F-fluorodeoxyglucose, which is important for diagnosis.*

**Key words:** *18F-fluorodeoxyglucose, GMP standard, PET, technology, radiopharmaceutical drug preparation, SOR, methodological instruction, half-life.*

**Мәселенің өзектілігі.** Ядролық медицина – қазіргі заманғы медицинаның бағыты, радиофармацевтикалық дәрілік препараттарды және радионуклидтерді әртүрлі ғылыми салалардағы диагностика мен терапияға арналған және практикалық медицинада қолдана отырып жүргізіледі.

18F-фтордезоксиглюкоза – адам ағзасындағы ішкі мүшелер мен тіндердің суреттерін диагностикалау және қалыптастыру үшін медициналық позитронды-эмиссиялық томографияда (ПЭТ) қолданылатын радиоактивті зат. Глюкозаның радиоактивті таңбаланған аналогы. Оның жартылай ыдырау кезеңі  $T_{1/2} = 109,8$  мин және 18F-фтордезоксиглюкоза пациенттің денесіне енгізілгенде, ол ісіктер мен қабыну аймақтары сияқты глюкоза метаболизмі жоғарылаған тіндерде жинақталу қасиетіне ие. Содан кейін ПЭТ сканерлеу арқылы организмдегі осы аймақтардың орналасуы мен белсенділігін анықтауға және бейнелеуге болады.

Қатерлі ісіктерді ерте анықтау, қатерлі ісіктерді дифференциалды диагностикалау, қатерлі ісіктерді мамандандырылған емдеудің тиімділігін бақылау, миокардтың өміршеңдігін бағалау, эпилепсия, бас миының жарақаты, цереброваскулярлық аурулар және метаболизмнің өзгеруіне байланысты ми ауруларын диагностикалау мақсатында позитронды-эмиссиялық томография (ПЭТ) үшін диагностикалық дәрілік зат ретінде қолданылады.

GMP стандарты өнімнің мақсатына сәйкес келетін сапа стандарттары бойынша, сондай-ақ Тіркеу құжаттамасының немесе осы өнімге арналған спецификацияның талаптарына сәйкес үнемі өндіріліп, бақылануын қамтамасыз ететін сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бөлігі болып табылады. GMP сәйкестігі радиофармацевтикалық препараттардың тұрақтылығы мен тиімділігіне кепілдік береді, бұл өз кезегінде емдеу мен диагностикада жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Көптеген елдерде фармацевтикалық өнімдерді, соның ішінде радиофармацевтикалық препараттарды өндіруде GMP сақтауды талап ететін қатаң заңнамалық ережелер бар. Бұл талаптарды орындамау заңды және

қаржылық салдарға әкелуі мүмкін.

GMP стандарты – сапалы және қауіпсіз өнім шығару үшін жағдай жасауға және қолдауға жүйелі тәсіл. «GMP негізгі ережелері» өндіріс пен сапаны бақылаудың барлық процестерін құжаттандыруға ерекше назар аудару керек. Өндірістегі кез келген әрекет құжатқа сәйкес орындалуы керек. GMP сәйкестігі радиофармацевтикалық препараттардың тұрақтылығы мен тиімділігіне кепілдік береді, бұл өз кезегінде емдеу мен диагностикада жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Көптеген елдерде фармацевтикалық өнімдерді, соның ішінде радиофармацевтикалық препараттарды өндіруде GMP сақтауды талап ететін қатаң заңнамалық ережелер бар. Бұл талаптарды орындамау заңды және қаржылық салдарға әкелуі мүмкін.

**Зерттеу мақсаты:**

1. GMP стандарты бойынша 18F-фтордезоксиглюкоза өндіру орнына, технологиясына қойылатын талаптарды теориялық тұрғыдан зерттеу;

2. GMP стандарты негізінде радиофармацевтикалық препарат 18F-фтордезоксиглюкоза өндірісінің технологиялық аспектілерінің әдістемелік нұсқаулығын және SOP-ді құрастыру

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Ғылыми әдебиет көздерінен алынған мәліметтерді аналитикалық талдау, салыстырмалы зерттеу, құрылымдық талдаулар.

**Талқылау нәтижелері:** GMP стандарты бойынша 18F-фтордезоксиглюкоза өндіруіне қатысатын мамандарға қойылатын талаптар жөнінде SOP құрастырылды. 18F-фтордезоксиглюкоза радиофармацевтикалық препараттар дайындау технологиясын әдеби шолу бойынша зерттелінді. GMP стандарты негізінде радиофармацевтикалық препараттар алу үшін қолданылатын 18F-фтордезоксиглюкоза генераторы өндірісінің технологиялық аспектілерінің әдістемелік нұсқаулығын құрастырылды.

**Қорытынды:** GMP стандарты негізінде радиофармацевтикалық препараттарды дайындауға арналған 18F-фтордезоксиглюкоза генераторының технологиялық процестеріне құрастырылған әдістемелік нұсқаулықты және SOP-дерді «Радиофармация» мамандарын дайындауға арналған оқу бағдарламасында қолдануға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі**

1 Радиофармацевтические лекарственные препараты. ГОСТ 57298-2016

2 И.Н.Бекман 2019 – С.14-20.

3 О.В. Кузнецова, А.С. Самойлов, О.И. Волпянская. О подготовке кадров для ядерной медицины. *Медицинская радиология и радиационная безопасность*. 2019. Том 64. № 2. С. 82–

УДК 615.21/.26

**Кильдияров Ф.Х., Зайкина А.В.**

Башкирский государственный медицинский университет, г. Уфа, Россия

## **РАЗРАБОТКА СОСТАВА И ТЕХНОЛОГИИ ДВУХСЛОЙНЫХ ПЛЕНОК НА ОСНОВЕ ХИТОЗАНА**

### ***Аннотация***

*В данной статье отражены исследования, направленные на получение двухслойных лекарственных пленок на основе хитозана и фермента гиалуронидазы с возможностью включения вспомогательного вещества гидроксипропилметилцеллюлозы.*

**Ключевые слова:** хитозан, пленка, гидроксипропилметилцеллюлоза.

**Kildiyarov F.H., Zaikina A.V.**

Bashkir State Medical University, Ufa, Russia

## **DEVELOPMENT OF THE COMPOSITION AND TECHNOLOGY OF CHITOSAN- BASED DOUBLE-LAYER FILMS**

### ***Annotation***

*This article reflects research aimed at obtaining two-layer medicinal films based on chitosan and the enzyme hyaluronidase with the possibility of including an auxiliary substance hydroxypropylmethylcellulose.*

**Key words:** chitosan, film, hydroxypropylmethylcellulose.

**Кильдияров Ф. Х., Зайкина А. В.**

Башқұрт мемлекеттік медицина университеті, Уфа, Ресей

## **ХИТОЗАН НЕГІЗІНДЕГІ ЕКІ ҚАБАТТЫ ПЛЕНКАЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ**

### ***Аннотация***

*Бұл мақалада гидроксипропилметилцеллюлозаның қосалқы затын қосу мүмкіндігі бар хитозан мен гиалуронидаза ферментіне негізделген екі қабатты дәрілік қабықшаларды алуға бағытталған зерттеулер көрсетілген.*

**Кілт сөздер:** хитозан, пленка, гидроксипропилметилцеллюлоза.

В современных реалиях является актуальной проблема создания лекарственных форм, обладающих универсальными свойствами. Универсальность означает возможность использования лекарственного средства по нескольким направлениям применения или актуализация его свойств. Актуализировать свойства лекарственного средства можно за счет модификации его лекарственной формы. Одним из способов модификации лекарственной формы является получение двухслойных пленок. В двухслойных пленках можно регулировать свойства лекарственного вещества за счет модификации свойств пленкообразователя. Одной из таких пленкообразователей является компонент природного происхождения, обладающее неисчерпаемыми возобновляемыми природными источниками, это хитозан. Хитозан представляет собой комплексное соединение аминополисахаридной природы, является производным хитина. Данный биополимер обладает необходимыми технологическими свойствами: пленкообразующими, регенерирующими и другими [1]. Исходя из свойств хитозана актуальным является изменение его свойств за счет разработки двухслойных пленок с включением в составы различных ферментов [2].

Целью работы является разработка составов двухслойных пленок на основе хитозана и других полимеров для совершенствования их технологических свойств.

Одним из основных показателей пленок с хитозаном и гидроксипропилметилцеллюлозы является выбор оптимальной концентрации пленкообразователя. Для установления необходимой концентрации пленкообразующих компонентов в составе пленок с хитозаном и ГПМЦ целесообразно было определить влияние их концентрации на свойства образующихся пленок. Концентрация хитозана растворимого во всех составах первого слоя пленки составляет 0,5%, содержание глицерина 10,0%, ГПМЦ варьирует от 0,05% до 1,0%. Концентрация ПВС оставляет во всех составах 3,0%.

Во втором пленкообразующем составе с ферментом (гиалуронидаза) концентрация ГПМЦ варьирует от 0,5% до 3,0%, содержание глицерина от 6,0% до 10,0%, Концентрация фермента во всех составах 0,03%.

При разработке рациональной технологии получения пленок использовали экспериментальную технологическую схему их получения. К образованному раствору хитозана при интенсивном помешивании вводили рассчитанное количество глицерина, ГПМЦ. Из полученного раствора формировали пленки способом полива на стеклянную поверхность и оставляли для формирования пленки на 2 суток в термостате при температуре 50°C. Аналогичным способом готовили второй состав пленки с чистым ГПМЦ и наносили на поверхность первого состава, после полного его высыхания. У полученных пленок

исследовали их технологические свойства. Проведенные исследования показали целесообразность разработки двухслойных пленок с хитозаном и второго слоя с ферментом. Анализ технологических свойств полученных пленок показал их значительное улучшение.

#### **Список литературы.**

1. Кильдияров, Ф.Х. Разработка пленок на основе хитозана и гидроксипропилметилцеллюлозы / Ф.Х. Кильдияров, А.В. Зайкина //В сборнике: Инновационные технологии в фармации. Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Под общей редакцией Е.Г. Приваловой. Иркутск, 2023. С. 244-247.

2. Кильдияров, Ф.Х. Изучение осмотической активности и распадаемости лечебных стоматологических штифтов на основе сополимера стирола с малеиновым ангидридом и метронидазолом / Ф.Х. Кильдияров, В.А. Катаев, И.Я.Фаттахов // Медицинский вестник Башкортостана. 2009. Т. 4. № 2. С. 139-141.

УДК: 615. 322 : 582. 949. 27

**Қожабекова Н. Е<sup>1.</sup>, Ботабаева Р.Е.<sup>2.</sup>, Тобағабылова Г.Н<sup>2.</sup>, Жанабаев Н.С.<sup>2.</sup>,**

**Алимова У.С.<sup>3.</sup>, Ыдырыс А.Т.<sup>2.</sup>, Шалабай А.Е.<sup>2.</sup>**

<sup>1</sup> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

<sup>3</sup> «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан

## **ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ШИКІЗАТТАРЫНАН С ДӘРУМЕНІМЕН ҚАБЫНУҒА ҚАРСЫ ЖИНАҚ ДАЙЫНДАУ**

### ***Аннотация***

*Бұл мақалада жоғарғы тыныс жолдарының әртүрлі қабыну ауруларында қолданылатын дәрілік шалфей жапырақтары, мия тамырлары мен организмнің қорғаныс қабілетін арттыратын С дәруменінің қайнар көзі болып табылатын, итмұрын жемістерімен біріктіріп жинақ жасау жұмыстарын зерттеу жүргізілген. Жұмыстың зерттеу мақсаты болып, С дәруменімен қабынуға қарсы жинақтағы өсімдік*



шикізаттарының қатынасын анықтай отырып, жинақ жасау табылады. Зерттеу барысында С дәруменімен қабынуға қарсы жинақ құрамындағы С дәруменінің, эфир майларының сандық мөлшері анықталды. Компоненттерді бір мезгілде сандық анықтау үшін көп компоненттік спектрофотометрлік талдау әдісі қолданылды. Үлгі ретінде алынған №1 және №2 қабынуға қарсы жинақтардың химиялық құрамы және оларды сандық-сапалық анықтау бойынша ақпараттық-аналитикалық зерттеулер жүргізілді. Жинақтарға морфологиялық-анатомиялық зерттеу жүргізілді, зертханалық микроскоп көмегімен сыртқы белгілерін және диагностикалық элементтерін анықтау мүмкіндігі көрсетілді. Жинақтардағы биологиялық белсенді заттардың сандық мөлшері анықталды: аскорбин қышқылы, эфир майлары. Зерттеу нәтижесінде құрамында (1:1:1) қатынаста алынған құрамға қарағанда, құрамында 2 бөлік итмұрын жемістері, 1 бөлік дәрілік шалфей жапырақтары, 1 бөлік мия тамырлары бар жинақ биологиялық белсенді заттардың бөлініп шығуы бойынша оптималды құрам екені анықталды.

**Кілт сөздер:** қабынуға қарсы жинақ, итмұрын жемістері, дәрілік шалфей жапырақтары, мия тамырлары, С дәрумені, эфир майлары.

Қожабекова Н. Е.<sup>1.</sup>, Ботабаева Р.Е.<sup>2.</sup>, Тобағабылова Г.Н.<sup>2.</sup>, Жанабаев Н.С.<sup>2.</sup>,

Алимова У.С.<sup>3.</sup>, Ыдырыс А.Т.<sup>2.</sup>, Шалабай А.Е.<sup>2.</sup>

<sup>1</sup> Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент, Казахстан

<sup>3</sup> НАО «Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», Алматы, Казахстан

## ПРИГОТОВЛЕНИЕ ПРОТИВОВОСПАЛИТЕЛЬНОГО СБОРА С ВИТАМИНОМ С ИЗ ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ

### *Аннотация*

*В данной статье проведено исследование сочетания сбора листьев лекарственного шалфея, корней солодки применяемых при различных воспалительных заболеваниях верхних дыхательных путей, и плодов шиповника, которые являются источником витамина С, повышающего защитные свойства организма. Целью исследования является создание противовоспалительного сбора с витамином С, определяя соотношения лекарственного растительного сырья. В ходе исследования определены количество витамина С и эфирных*

масел в противовоспалительном сборе с витамином С. Для одновременного количественного определения компонентов использовали метод многокомпонентного спектрофотометрического анализа. Проведены информационно-аналитические исследования по химическому составу противовоспалительных сборов № 1 и № 2, взятых в качестве проб, и их количественно-качественному определению. На сборах проведены морфолого-анатомические исследования, продемонстрирована возможность выявления внешних признаков и диагностических элементов с помощью лабораторного микроскопа. Определено количество биологически активных веществ в сборах: аскорбиновой кислоты, эфирных масел. В результате исследований установлено, что композиция, содержащая 2 части плодов шиповника, 1 часть листьев шалфея лекарственного и 1 часть корней солодки, является оптимальным составом по высвобождению биологически активных веществ по сравнению с полученным составом в соотношении (1:1:1).

**Ключевые слова:** противовоспалительный сбор, плоды шиповника, листья шалфея лекарственного, корень солодки, витамин С, эфирные масла.

**Kozhabekova N.E.1, Botabaeva R.E.2, Tobagabylova G.N.2, Zhanabaev N.S.2,**

**Alimova U.S.3, Ydyris A.T.2, Shalabai A.E.2**

<sup>1</sup> M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

<sup>3</sup>NJSC «Kazakh National Medical University» named after S.D. Asfendiyarov", Almaty,  
Kazakhstan

## **PREPARATION OF AN ANTI-INFLAMMATORY COLLECTION WITH VITAMIN C FROM MEDICINAL PLANT RAW MATERIALS**

### ***Annotation***

*This article conducted a study of the combination of collecting medicinal sage leaves, licorice roots used for various inflammatory diseases of the upper respiratory tract, and rose hips, which are a source of vitamin C, which increases the protective properties of the body. The purpose of the study is to create an anti-inflammatory collection with vitamin C, determining the ratio of medicinal plant materials. During the study, the amount of vitamin C and essential oils in the anti-inflammatory collection with vitamin C was determined. For the simultaneous quantitative determination of the components, the method of multicomponent spectrophotometric analysis was*

*used. Information and analytical studies were carried out on the chemical composition of anti-inflammatory collections No. 1 and No. 2, taken as samples, and their quantitative and qualitative determination. During the training camp, morphological and anatomical studies were carried out, and the ability to identify external signs and diagnostic elements using a laboratory microscope was demonstrated. The amount of biologically active substances in the collections was determined: ascorbic acid, essential oils. As a result of research, it was found that a composition containing 2 parts of rose hips, 1 part of sage leaves and 1 part of licorice roots is the optimal composition for the release of biologically active substances in comparison with the resulting composition in the ratio (1: 1: 1).*

**Keywords:** *anti-inflammatory collection, rose hips, salvia officinalis leaves, licorice root, vitamin C, essential oils.*

**Кіріспе.** Соңғы жылдары отандық препараттарды жасау және дамыту өзекті болып табылады.

Табиғи шикізаттардан дайындалған дәрілік құралдардың технологиясының дамуы олардың уыттылығы аз, терапевтік әсерінің кең, жанама әсерлері минималды болуына, созылмалы ауруларда ұзақ уақыт қолдану мүмкіндігіне байланысты.

Дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалатын перспективті дәрілік түрлердің бірі – жинақтар [1].

Жинақтар кесілген, сирек жағдайда тұтас, кейде тұздар және эфир майлары қосылған, кептірілген дәрілік өсімдік шикізатының бірнеше түрлерінің қоспасы болып табылады. Жинақтар құрамына кіретін шикізаттарды бөлек-бөлек майдалайды. Өсімдік шикізаттарының жапырақтарын, гүлдерін өлшемін 5 мм-ден артық емес, сабақтарды, қабықты, тамырларды, тамыр сабақтарды 3 мм-ден артық емес, жемістер және тұқымдарды 0,5 мм-ден артық емес бөліктерге дейін майдалайды [2].

Жинақ дайындау үшін келесі өсімдік шикізаттарына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Итмұрын жемістері – *Rosae pseudo-fructus*, раушангүлділер тұқымдасына жатады. Қазақстанның орманды жерлерінде, бұталар арасында, шалғындарда, өзен жағалауларында, тасты шатқалдарда өседі.

Мамыр – маусым айларында гүлдеп, тамыз – қыркүйекте жемісін береді.

Шикізат ретінде қолданылатын жемістері аяз түскенде жиналады, жиналған жемістерін тез арада қалыңдығы 2-3 см етіп металл торларға жайып, кептіреді. Шикізатты уақыт өткен сайын аударып отырады [3].

Құрамында флавоноидтар, С, В, В<sub>2</sub>, Р, РР, К дәрумендері, каротин, илік және пектинді заттар бар.

Құрғақ шикізатта аскорбин қышқылының мөлшері 0,3 % кем емес болуы керек [2, 3].

Мия тамырлары -*Liquiritiae radix*, бұршақтар тұқымдасы. Шілде – тамыз айларында гүлдейді, тамыз – қыркүйекте піседі.

Қазақстанда далалы жерлерде, шалғындарда, өзен аңғарында өседі.

Дәрілік шикізаты ретінде *Glycyrrhiza glabra*, L. немесе *Glycyrrhiza inflata* Vat. w/немесе *Glycyrrhiza uralensis* Fisch тазартылмаған және тазартылған, тұтас немесе кесілген, кептірілген тамырлары мен жерасты өркендері қолданылады. Құрғақ шикізатқа есептегенде глицирризин қышқылының мөлшері 4 % кем болмауы керек [2].

Шикізат құрамында сондай-ақ глюкоза, фруктоза, сахароза, мальтоза, крахмал, органикалық қышқылдар, эфир майы, фенолкарбон қышқылы және олардың туындылары, кумариндер, илік заттар, флавоноидтар, спирттер бар [3].

Дәрілік шатыраш жапырақтары – *Folia salviae officinalis*, тауқалақайлар тұқымдасына жатады. Шикізат ретінде қолданылатын жапырақтарын жаз бойына 2-3 рет жинайды: гүлдей бастағанда, гүлдеп болғанда және күзде.

Өсімдіктің барлық бөліктерінде эфир майы, цинеол, L- $\alpha$ - туйон, D- $\beta$ -туйон, D- $\alpha$ -пинен, D-борнеол, D-камфора, бұдан басқа илік заттар, тритерпенді қышқылдар (урсол және олеанол) бар [2].

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Дәрілік шалфей (шатыраш) жапырақтары (*Folia salviae officinalis*), итмұрын жемісі (*Rosae pseudo-fructus*), мия тамырлары (*Liquiritiae radix*).

Жүргізілген жұмыс барысында аталған өсімдіктердің қабынуға қарсы және қақырық түсіруші қасиеттерін негізге ала отырып, құрамында С дәрумені бар өсімдік шикізатымен біріктіру арқылы науқастың иммунитетін көтеретін және қолдануға ыңғайлы жинақ дайындау.

Жинақ құрамына кіретін *Folia salviae officinalis*, *Rosae pseudo-fructus*, *Liquiritiae radix* шикізаттарын зерттеу барысында келесі көрсеткіштер анықталды:

Кесте 1. Жинақ құрамына кіретін ДӨШ зерттеу нәтижелері

| № | Көрсеткіш атаулары, НҚ             | Итмұрын жемістері | Мия тамыры  | Дәрілік шатыраш жапырағы |
|---|------------------------------------|-------------------|-------------|--------------------------|
| 1 | Анықтамасы<br>ҚР МФ I, т.3, 144-б. | Талапқа сай       | Талапқа сай | Талапқа сай              |

*ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ, 2023 жыл*  
*X международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы*  
*развития биологии, медицины и фармации»*

|   |  |   |                                  |  |
|---|--|---|----------------------------------|--|
|   | ҚР МФ I, т.1, 567-б.   |   |                                  |  |
| 2 | Микроскопия ҚР МФ I, т.1, 563-б.                                       | Талапқа сай   | Талапқа сай                      | Талапқа сай  |
| 3 | Идентификация ҚР МФ I, т.3, 144-бет,731-б.                             | Каротиноидтарға оң сапалық реакция көрсетті.  | -                                | -  |
| 4 | Бөгде қоспалар, %:<br>ҚР МФ I, т.1, п.2.8.2.                           | -Итмұрынның басқа бөліктері-0,5;<br>-Қарайған, күйген, зиянкестермен және аурумен зақымдалған жемістері -1,2;<br>-Жетілмеген жемістері (жасылдан сары бояуға дейін)-жоқ;<br>-Органикалық қоспалар- жоқ;<br>-Минералды қоспалар- жоқ.<br>Талапқа сай | -                                | -Қарайған және бурыл жапырақтары – 0,6;<br>-Гүлдері және сабақтарының бөліктері - 4,2;<br>-Саңылауларының диаметрі 0,5 мм болатын електен өтетін бөліктері – 2,5;<br>-Органикалық қоспалар - жоқ;<br>-Минералды қоспалар – жоқ.<br>Талапқа сай |
| 5 | Кептіру кезіндегі масса шығыны, %<br>ҚР МФ I, т.1, п.2.2.32            | 5,6   | 5,9                              | -  |
| 6 | Жалпы күл, %<br>ҚР МФ I, т.1, п.2.4.16.                                | -   | 7,6                              | 3,9  |
| 7 | Сандық анықтау, %;<br>ҚР МФ I, т.1, п.2.2.25<br>ҚР МФ I, т.1, п.2.8.12 | бос органикалық қышқылдар – 2,98  | глицирризин қышқыл<br>ы -<br>4,6 | эфир майы – 1,05   |

Осы өсімдік шикізаттарын қолдана отырып, қабынуға қарсы қолданылатын С дәруменімен қабынуға қарсы жинақ екі түрлі құрамда дайындалып, зерттелінді.

Сандық анықтау әдістемесі. Сандық анықтау жұтылу көрсеткіші тәсілімен, стандарттық үлгі ерітіндісімен салыстыру тәсілімен және стандартты үлгілер сериясын пайдаланып «Оптикалық тығыздық-концентрация» координаталарында салынған калибрлік график тәсілімен анықталады.

1. Жұтылу көрсеткіші тәсілінде сыналатын үлгі ерітіндісінің оптикалық тығыздығын (D) аналитикалық толқын ұзындығында өлшейді және концентрацияны (C) есептеуді меншікті жұтылу көрсеткішінің ( $E^{1\%}_{1\text{см}}$ ) белгілі мәні негізінде жүргізеді:

$$C = \frac{D}{E^{1\%}_{1\text{см}}}$$

$E^{1\%}_{1\text{см}}$  – меншікті жұтылу көрсеткіші 100 мл-інде 1 г стандартты зат бар ерітіндінің қабат қалыңдығы 1 см болғандағы оптикалық тығыздығы болып табылады;

$E^{1\%}_{1\text{см}}$

2. Стандарттық үлгі ерітіндісімен салыстыру тәсілінде сыналатын үлгі ерітіндісінің оптикалық тығыздығын (D) және концентрациясын ( $C_0$ ) стандарттық үлгі ерітіндісінің оптикалық тығыздықтарын ( $D_0$ ) өлшейді және сыналатын үлгінің концентрациясын (C) келесі формула бойынша есептейді:

$$\frac{C}{C_0} = \frac{D}{D_0}$$

Сыналатын ерітінді мен салыстыру ерітіндісінің оптикалық тығыздықтарын өлшеуді бірдей жағдайларда минималды уақыт аралығында жүргізу керек. Стандарттық үлгі ерітіндісімен салыстыру тәсілі жиірек қолданылады, себебі бұл тәсіл дәлірек, дәлдігі әртүрлі кластағы құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Жұтылу көрсеткіші тәсілі, әдетте, анықталатын компоненттің мөлшері номиналды мөлшерден  $\pm 10\%$ -дан кем болмауы рұқсат етілген жағдайларда жарамды. Бір компоненттік талдауды қолданған барлық жағдайда препараттың басқа компоненттері нәтижеге айтарлықтай әсер етпеуі тиіс.

Дәрі-дәрмектердің компоненттерін бір мезгілде сандық анықтау үшін көп компоненттік спектрофотометрлік талдау қолданылады. Әрбір жеке компонент үшін аналитикалық жолақтарды бөліп алу қиын болады, сондықтан, сандық анықтауларды оптикалық тығыздықтарды толқын ұзындықтарының бірнеше мәнінде өлшеу және қоспаның осы толқын ұзындығындағы оптикалық тығыздықтарының жиынтық шамасын әрбір жеке компоненттің оптикалық тығыздығы шамасымен байланыстыратын сызықтық теңдеулер жүйесін шешу арқылы жүргізуге болады.

Көп компонентті спектрофотометрлік талдауда сандық анықтау, әдетте, келесі теңдеуді пайдалануға негізделген:

$$D_i = \sum_{i=1}^m E_{ii} \times C_i, \quad i = 1 \dots n$$

$D_i$  - сыналатын ерітіндінің  $i$ -інші толқын ұзындығындағы оптикалық тығыздығы;

$E_{ii}$  - сыналатын үлгінің  $i$ -інші компонентінің  $i$ -інші аналитикалық толқын ұзындығындағы жұтылу көрсеткіштері (концентрациясын белгілеу тәсіліне тәуелді);


$C_i$  - сыналатын үлгінің  $i$ -інші компонентінің концентрациясы.

Жеке қосылыстарды спектрофотометрлік талдаудың қателігі, әдетте, 1%-дан аспайды, көп компонентті спектрофотометрлік талдауда анықтау қателігі көбейеді.

Сондықтан, анықтау қателігін болжау және талданатын компоненттің рұқсат етілген мөлшерімен салыстыру көп компонентті спектрофотометрия әдістемелерінің жарамдылығын негіздеу кезінде міндетті шарт болып табылады [2].

Эфир майларын сандық анықтау ҚР МФ I, т.1, п.2.8.12 сәйкес жүргізілді.

косметикалық крем [1]. Скраб өлі тері жасушаларын тиімді жоюға, терідегі майлы жылтырдан арылтуға ,оны қоректік заттармен байытуға және терінің күйін жақсартуға негізделген. Рецепт табиғи ингредиенттерді пайдалануды қамтиды, олардың негізгілері - дәрумендерге, антиоксиданттарға және полиқанықпаған май қышқылдарына бай теңіз шырғанақ майы. Май қышқылдарының біріккен құрамы осы майдағы витаминдердің мөлшерін немесе олардың спектрін береді және оның бет терісінің құрғақтануынан, қабыршақтанудан немесе тез қартаюға қарсы күтім жасау үшін косметикалық өнімдерде жиі қолданылады. Сонымен қатар, пальмитол қышқылы (омега-7) және гамма-линолен қышқылы (омега-6) сияқты қанықпаған май қышқылдары теңіз шырғанақ майына бет терісін қалпына келтіруге және регенерацияна жауап береді[2]. Теңіз шырғанақ майы (*Hipporhae rhamnoides*) бет терісіндегі түрлі әжімдер мен бүктемелерден арылтуға көмектесетін,бетті қабыршақтанудан қорғайтын,көптеген пайдалы қасиеттері бар бағалы өсімдік. Оның құндылығы оның химиялық құрамының деңгейімен анықталады, мысалға:теңіз шырғанағында витаминдердің жоғары деңгейі бар, оның ішінде С дәрумені, В дәрумендері (соның ішінде В1, В2, В6, В12), Е дәрумені бар және К витамині, В6 және Е витаминдері теріні нығайта отырып қартаюды болдырмайды[3]. С дәрумені апельсин мен лимонға қарағанда көбірек ,бет терісінің табиғи сұлулығын сақтауға көмектеседі ,сонымен қатар теңіз шырғанақ майының пайдасы теріні сепкілдерден және пигментациядан жоюға жауап береді.Скраб - тері бетіндегі өлі тері жасушаларын механикалық түрде жою үшін қолданылатын косметикалық өнім. Ол қосымша тері күтімін қамтамасыз етеді, оның тегіс, жұмсақ және сергек болуына көмектеседі.

**Кілт сөздер:** Теңіз шырғанақ крушиноиды , скраб, косметология

**Мақсаты.** Жоғары сапалы және тиімді косметикалық өнімді жасауға бағытталған теңіз шырғанақ майы бар скрабтың құрамы мен технологиясын жасау

**Міндеті.** Теңіз шырғанақ майы скрабының құрамын таңдау , технологиясын әзірлеу, алынған теңіз шырғанақ майы скрабының сапасын бақылау.

**Өзектілігі.** Құрамында дәрілік өсімдіктер бар косметика құнды өсімдік сығындыларының жоғары құрамымен (70%) ерекшеленеді, олардың емдік әсері табиғи ингредиенттерді қосу арқылы күшейтіледі. Косметиканы құрудың негізгі принципі - терінің негізгі функциясын қорғанысты қалпына келтіру және қолдау. Сондықтан, оның негізгі функциясын сақтаудың тамаша тәсілі - косметикалық препараттарға белсенді заттарды енгізу, олар терінің өзінің қалпына келтіру жүйелерін сақтауға және ұзартуға көмектеседі [4]. Теңіз шырғанағы витаминдердің, антиоксиданттардың және май қышқылдарының бай

құрамын қамтиды, бұл оны тері күтімінің тартымды ингредиентіне айналдырады. Ол барлық суда еритін және майда еритін витаминдерді қамтиды.

**Ғылыми жобаны іске асыру әдістері.** Талдау және әзірлеу, бақылау және бағалау.

**Күтілетін нәтижелер:** Эпидермистің жаңару процесін жақсартатын теңіз шырғанақ майы бар бет скрабын алу

**Жоба нәтижесінің әлеуметтік және экономикалық мәні:** Бет терісін күтуге арналған теңіз шырғанақ майы негізінде тері күтіміне косметикалық өнімнің(скрабтың) рецепті әзірленеді.

Жұмыс әзірленген технологиялық шешімдерді және жаңа косметикалық өнімді енгізуден күтілетін экономикалық нәтижені есептейді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Скраб. Электрондық ресурс: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (28.11.23)
2. Zielińska A, Nowak I. Abundance of active ingredients in sea-buckthorn oil. Lipids Health Dis. 2017 May 19;16(1):95. doi: 10.1186/s12944-017-0469-7. PMID: 28526097; PMCID: PMC5438513.
3. Шырғанақ. Электрондық ресурс: <https://ru.wikipedia.org/wiki> (28.11.23)
4. Разработка бизнес-плана производства биомаски скраба/ Электронный ресурс <https://knowledge.allbest.ru/management/> (28.11.23)

УДК 615.31

**Раганина К.Т., Тоқтархан Е.Б.**

С. Д. Асфендияров атындағы «Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Алматы ,  
Қазақстан

### **АСКӨК ТҰҚЫМЫНАН (ANETHUM GRAVEOLENS L.) ҚҰРҒАҚ ЭКСТРАКТ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ САПАЛЫҚ АНЫҚТАУ**

**Raganina K. T., Toktarkhan E. B.**

NJSC «Kazakh national medical university» named after S. Zh. Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan

## FROM FENNEL SEEDS (*ANETHUM GRAVEOLENS L.*) DRY EXTRACTION AND ITS QUALITATIVE DETERMINATION

Раганина К. Т., Токтархан Е. Б.

НАО "Казахский национальный медицинский университет им. С. Д. Асфендиярова",  
Алматы, Казахстан

## ИЗ СЕМЯН ФЕНХЕЛЯ (*ANETHUM GRAVEOLENS L.*) ПОЛУЧЕНИЕ СУХОГО ЭКСТРАКТА И ЕГО КАЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ

### Введение

Аскөк тұқымы (*Anethum graveolens L.*) қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын көптеген дәрілік заттар мен тағамдық қоспалар алынатын белгілі өсімдік шикізаты.

Құрамы бойынша құрғақ экстракттар өте құнды концентраттар болып табылады. Құрғақ экстракттарда биологиялық белсенді липофильді және эфирлік қосылыстардың барлық дерлік топтары бар.

Құрғақ экстракт алу үшін ультрадыбыстық экстракция әдісі таңдалды. Бұл әдіс фармацевтика өнеркәсібі үшін отандық жоғары тиімді дәрілік заттарды әзірлеуге арналған фармакопоялық сападағы фитосубстанция болып табылатын иісті аскөк (*Anethum graveolens L.*) дәрілік өсімдік шикізатынан құрғақ экстракт алуға мүмкіндік береді.

Ұсақталған шикізатты экстракциялау «Elmasonic 450S» ультрадыбыстық ваннасында еріткішті буландырумен бейорганикалық еріткішпен жүргізілді. Экстрагент ретінде шикізат/еріткіш 1:5 мас/көл., қатынасында алынып, әмбебап еріткіш – су таңдалды. Шикізатты экстракциялау 2-3 сағат ішінде жүзеге асырылды, алынған экстракт Бюхнер шұңқырындағы қағаз сүзгісі арқылы қысыммен сүзілді, содан кейін экстракт 450<sup>0</sup>С градустан аспайтын температурада және 0,075 атм қысымда мембраналық вакуумдық сорғысы бар RE300 моделінің айналмалы буландырғышында құрғақ аскөк тұқымы (*Anethum graveolens L.*) экстракты алғанға дейін кептірілді.

Экстрактты сапалық анықтау жұқа қабатты хроматография әдісімен жүргізілді. Хроматографиялық зерттеу нәтижесінде ретинол ацетатының хроматографиялық аймағы анықталды ( $R_f=0,35 \pm 0,01$ ) және оның концентрациясы 0,016% құрады.

Аскөк тұқымы (*Anethum graveolens L.*) құрғақ экстракт құрамындағы негізгі биологиялық белсенді зат ретинол ацетаты негізіндегі көз тамшыларын жасау және оларды офтальмологияда ең көп таралған патологиялардың бірі көз жасы секрециясының

төмендеуімен сипатталатын құрғақ көз синдромын емдеуде қолдану бұл саладағы перспективті бағыт болып табылады.

Жүргізілген жұмыс нәтижелеріне сәйкес аскөк тұқымынан (*Anethum graveolens L.*) ультрадыбыстық экстракция әдісі арқылы тиімді, мамандандырылған, күрделі жабдықты қажет етпейтін, экологиялық таза және биологиялық белсенді заттардың мөлшері жоғары құрғақ экстракт алуға мүмкіндік беретіндігі туралы қорытынды жасауға болады.

УДК 615.31

**Төлегенқызы А., Ибадуллаева Ғ.С., Саякова Г.М.**

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университеті КеАҚ, Алматы,  
Қазақстан

### **ПРОПОЛИС ҚОСЫЛҒАН ЕМДІК- ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТІС ПАСТАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ**

#### ***Аннотация***

*Дәрілік өсімдік шикізаттарын пайдалана отырып емдік-профилактикалық тіс пастасын әзірлеу үшін жаңа комплексті оңтайлы құрам жасау міндеті алға қойылды. Тіс пастасының негізгі активті компоненттері Етжапырақты бадан (*Bergenia crassifolia L.*), кәдімгі сәлбен (*Salvia plebeia*), прополис (*Propolis*) өсімдік шикізаттары болып табылады.*

*Кілт сөздер: қалың жапырақты ладан (*Bergenia crassifolia L.*), қарапайым шалфей (*Salvia plebeia*), прополис (*Propolis*), емдік-профилактикалық тіс пастасы*

**Төлегенқызы А., Ибадуллаева Ғ.С., Саякова Г.М.**

НАО «Казахский Национальный медицинский университет» им.С. Ж. Асфендиярова,  
Алматы, Казахстан

### **ПЕРСПЕКТИВЫ ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ ЗУБНОЙ ПАСТЫ С ПРОПОЛИСОМ**

#### ***Аннотация***

*Поставлена задача создания нового комплексного оптимального состава для разработки лечебно-профилактической зубной пасты с использованием лекарственного*

растительного сырья. Основные активные компоненты зубной пасты - бадан толстолистный (*Bergenia crassifolia* L.), шалфей лекарственный (*Salvia plebeia*), прополис (*Propolis*) являются растительным сырьем.

**Ключевые слова:** Бадан толстолистный (*Bergenia crassifolia* L.), шалфей обыкновенный (*Salvia plebeia*), прополис (*Propolis*), лечебно-профилактическая зубная паста

**Tolegenkyzy A., Ibadullayeva G.S., Sayakova G.M.**

NJSC «Kazakh National Medical University» named after S. Zh. Asfendiyarov, Almaty, 2nd year  
master's student of the Department of Pharmaceutical Technology

## PROSPECTS OF THERAPEUTIC AND PROPHYLACTIC TOOTHPASTE WITH PROPOLIS

### *Annotation*

*The task of creating a new complex optimal composition for the development of therapeutic and prophylactic toothpaste using medicinal plant raw materials is set. The main active components of toothpaste - badan thick-leaf (*Bergenia crassifolia* L.), sage officinalis (*Salvia plebeia*), propolis (*Propolis*) are vegetable raw materials.*

**Keywords:** *Thick-leaved badan (*Bergenia crassifolia* L.), common sage (*Salvia plebeia*), propolis (*Propolis*), therapeutic and prophylactic toothpaste*

Күнделікті өмірде гигиена талаптарын сақтауға байланысты адам түрлі косметикалық өнімдерді тұтынады. Олардың ішіндегі ең танымал өнімдер - тіс пасталары болып табылады [1]. Тіс пастасы-тіс жегісінің алдын алу үшін тістерді бляшқадан тазарту үшін қолданылатын паста, гель немесе ұнтақ түріндегі ауыз қуысының гигиеналық құралы.

**Тіс пастасының пайда болу тарихы және эволюциясы:** Ежелгі мысырлықтар "тіс пастасын" өсімдіктердің ұсақталған тамырларынан жасаған. Демнің балғындығы үшін ауыз қуысы шөптен жасалған қайнатпамен шайылды[2]. Тіс пастасы туралы алғашқы деректер біздің эрамыздың IV ғасырындағы Египет қолжазбасында кездеседі, оның рецепті ұнтақ тұз, бұрыш, жалбыз жапырақтары мен ирис гүлдерінің қоспасы болды[3].

- 1873 жылы Colgate американдық нарыққа хош иісті тіс пастасын ұсынды.

1915 жылы кейбір ағаштардан алынған сығындылар тіс пасталарына енгізіле бастайды-мысалы, эвкалипт.



Бұрын тіс пастасы бор негізінде дайындалған, қазіргі тіс пасталары негізінен силикаттарға негізделген.

Адам өзінің саналы өмірінде тіс пастасын қолдану кезінде орта есеппен екі-бес килограмм тіс пастасын жұтады. Сонымен қатар, ғалымдар тіпті кішкентай балалар да тіс пастасының шамамен 40% -ын рефлекторлы түрде жұтатынын анықтады. Ауыз қуысының шырышты қабатынан бірнеше секунд ішінде қанға йод, мыс, темір, калий, фтор, натрий, мырыш, дәрумендер, аминқышқылдары және т. б. сияқты тіс пастасының компоненттері сіңеді. Бірақ пайдалы заттардан басқа, антибиотиктер (триклозан, хлоргекседин, гекседин, метранидазол), хош иістендіргіштер, тәттілендіргіштер (калий ацесульфаты, натрий цикломаты, аспартам), лаурил - және натрий лауретсульфаты сияқты ағзаға теріс әсер ететін қосылыстар қанға енуі мүмкін [3]. Осы себепті денсаулыққа ең қауіпсіз өнім-ересектер де, балалар да ұзақ уақыт қолдануға арналған табиғи ингредиенттері бар пасталар болып табылады. Косметика өнеркәсібін дамытудың перспективалық бағыты тұтынушылық, жоғары биологиялық, берік және бәсекеге қабілетті косметикалық өнімдер үшін жаңа технологияларды әзірлеу болып табылады. Денеге теріс әсер етпейтін табиғи компоненттерден тіс пастасын жасаудан басқа, оның белгілі бір емдік-профилактикалық әсерін арттыру өте өзекті болып саналады. Тіс пастасы құрамының биологиялық және емдік - профилактикалық әлеуетін емдік-профилактикалық өнім ретінде өзектендіру қажет [5]. Мұндай пасталар антисептикалық және қабынуға қарсы әсерге ие. Олардың көпшілігі күнделікті тазалауға жарамды. Емдік-профилактикалық пасталар ауыз қуысының әртүрлі ауруларының алдын алуға арналған: кариес, гингивит, пародонт аурулары. Пародонттың жұқпалы-қабыну ауруларын емдеуге және алдын алуға арналған дәрі-дәрмектерді әзірлеу өзекті мәселе болып табылады, өйткені аурулардың бұл тобы халықтың кең тараған топтары арасында кең таралған. Сонымен, ДДҰ мәліметтері бойынша, пародонт ауруы жердегі ересектердің 95% - на дейін және балалардың 80% - на дейін әсер етеді [4].

Соңғы уақытта медициналық тәжірибеде «табиғатқа оралу» қозғалысы барған сайын байқала бастады. Осыған байланысты біз емдік-профилактикалық тіс пастасының оңтайлы құрамын жасау үшін бірнеше өсімдік сығындылары мен прополисті таңдадық. Етжапырақты Бадан сығындысы (*Bergenia crassifolia L.*) және кәдімгі салбен (*Salvia plebeia*) тіс жегісінің алдын алуға көмектеседі, тіс эмальын тиімді тазартады. Бұл өсімдіктің сығындыларында *иілік заттар, алкалоидтар, эфир майлары* және басқа қосылыстар бар [6].

Жер шарының әртүрлі бөліктері мен аймақтарында жиналған Прополис антиоксиданттық қасиетке ие [7]. Прополистің антиоксиданттық қасиеттері флавоноидтардың

болуымен байланысты және олар кофе қышқылының болуымен байланысты бал, корольдік желе, тозаң Ара шаруашылығының барлық өнімдерінен асып түседі.



Сурет 1- Прополис

Антиоксиданттық қасиеттеріне байланысты прополис тамақ өнеркәсібінде консервант ретінде қолданылады. Прополис, кофе қышқылының арқасында жақсы қабынуға қарсы агент болып табылады. Веститол және неовеститол прополисі айқын Бактерияға қарсы әсер етеді, нейтрофилдердің метаболизм жылдамдығын арттырады, қабынуға қарсы әсер етеді. Прополистің қабынуға қарсы қасиеттері жүзім полифенолдарымен біріктірілген кезде артады. Прополистің ісікке қарсы және антипролиферативті қасиеттері фенолдық заттармен пинобанксин, хризин, метоксифлавон, р-Кумар, ферул және кофе қышқылдарымен байланысты[7].

Емдік-профилактикалық тіс пастасының табиғи компоненттері ретінде етжапырақты бадан (*Bergenia crassifolia L.*), кәдімгі сәлбен (*Salvia plebeia*) өсімдік шикізатының экстракттары және прополис (*Propolis*) тұндырмасы алынды. Дәрілік өсімдіктердің бұл түрлері микробқа қарсы, қабынуға қарсы, иммуномодуляциялық, жараларды емдейтін, қалпына келтіретін, тұтқыр, антисептикалық әсерлері бар жұмсақ және тиімді ДЗ алудың танылған көзі болып табылады. Алынған бұл компоненттер тіс пастасының емдік және профилактикалық емдеу құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [5].

**Қорытынды.** Емдік-профилактикалық тіс пастасының оңтайлы құрамын жасау үшін бірнеше өсімдік сығындылары мен прополис таңдалды. Етжапырақты бадан сығындысы (*Bergenia crassifolia L.*) және кәдімгі сәлбен (*Salvia plebeia*) тіс жегісінің қылыпты болуына, кариестің алдын алуға көмектеседі және тіс эмальын тиімді тазартады. Бұл өсімдік сығындыларында иілік заттар, алкалоидтар, эфир майлары және т.б. қосылыстар бар. Прополистің құрамында бактерияға қарсы, қабынуға қарсы және антиоксиданттық

қасиеттері бар пайдалы қосылыстар кездеседі. Осы композицияның арқасында тіс пастасы бірқатар емдік және профилактикалық әсерлерге ие болып табылады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Mokrenko, E. V. Treatment of inflammatory and degenerative damages of the smooth parodont tissue with tooth pastes in rats / E. V. Mokrenko, P. D. Shabanov // *Pediatrician*. – 2015. – Vol. 6. – No 2. – P. 66-70. – EDN UGQSYZ.

2. Патент № 2535051 С1 Российская Федерация, МПК А61К 8/18, А61К 8/21, А61К 8/46. Зубная паста : № 2013116195/15 : заявл. 09.04.2013 : опубл. 10.12.2014 / В.Н. Иванов, С.Б. Улитовский. – EDN JCFLOT.

3. <https://stomatologclub.ru/stati/stomatologiya-8/lechebno-profilakticheskie-zubnye-pasty-na-kazhdyj-den-s-naturalnymi-ingredientami-1252/>

4. Разработка рецептуры зубной пасты на основе прополиса / А. С. Якунин, А. А. Шматов, Д. А. Доброхотов, О. В. Нестерова // Лучшая студенческая статья 2018 : сборник статей XIV Международного научно-исследовательского конкурса : в 4 ч., Пенза, 25 апреля 2018 года. Том Часть 1. – Пенза: "Наука и Просвещение" (ИП Гуляев Г.Ю.), 2018. – С. 268-272. – EDN UONGBA.

5. Шагалиева Н.Р., Куркин В.А., Авдеева Е.В., Байриков И.М., Щербовских А.Е. АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ РАЗРАБОТКИ И СТАНДАРТИЗАЦИИ СТОМАТОЛОГИЧЕСКОГО ФИТОПРЕПАРАТА «ДЕНТОС» // *Фундаментальные исследования*. – 2013. – № 10-7. – С. 1490-1494; URL: <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=32612> (дата обращения: 13.02.2023).

6. Филиппова, Е. А. Актуальные аспекты разработки и стандартизации лечебно-профилактической зубной пасты на основе фитопрепарата "Дентос" / Е. А. Филиппова, А. С. Лапина // *Гигиена: здоровье и профилактика : Сборник материалов*, Самара, 16 марта 2016 года / Под редакцией: Г.П. Котельникова, И.И. Березина, В.А. Куркина, А.М. Спиридонова, Н.М. Сергеевой. – Самара: ООО «Офорт», 2016. – С. 206-208. – EDN XVDYPN.

7. Саидова, Л.Б. Прополис в медицине (применение прополиса в народной и научной медицине) / Л.Б. Саидова, И.Д. Кароматов, Д.Б. Рахматова. – Warsaw : RS Global, 2020. – 97 с. – ISBN 978-83-960097-5-3. – DOI 10.31435 / rsglobal / 028. – EDN SJMMSQ.

ӘОЖ: 665.52

**Шакержан С.З., Жумабаев Н.Н.**

С.Д. Асфендияров атындағы «Қазақ Ұлттық Медицина Университеті» КеАҚ.

Алматы, Қазақстан

## АҚСАБАҚ ЛАҚСА (*ECHINOPS ALBICAULIS L.*) ШИКІЗАТЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

### **Аннотация**

Осы зерттеудің мақсаты Ақсабақ лақса (*Echinops albicaulis L.*) шикізатының технологиялық параметрлерін зерттеуге негізделген.

Қазақстанның фарминдустриясын дамытудың үлкен әлеуетіне ие басты міндет - дәрілік өсімдіктердің мол қорын пайдалана отырып және елдің бүкіл халқының сапалы медициналық өнімге еркін қол жеткізе алуы үшін олардың номенклатурасын кеңейте отырып, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың отандық өндірісінде серпіліс жасау болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының фармацевтика нарығының импортқа тәуелділігінің артуы фармацевтика ғылымының алдына отандық шикізат негізінде жаңа дәрілік заттар жасау міндетін қояды. Отандық дәрі - дәрмектерді медициналық-косметикалық тәжірибеге енгізу экономикалық тұрғыдан да, отандық фармацевтикалық және косметикалық индустрияны дамыту тұрғысынан да маңызды. Фармацевтикалық технологиядағы қазіргі заманғы үрдістер дәрілік түрлердің, оның ішінде табиғи дәрілік өнімдер спектрін кеңейтуге бағытталған. Ақсабақ лақса (*Echinops albicaulis L.*) шикізаты бүгінде жақсы зерттелген, оның тамақ өнеркәсібіндегі, халықтық және ресми медицинадағы, әртүрлі салалардағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы бұрыннан белгілі.

**Кілт сөздер:** Ақсабақ лақса, технологиялық параметрлер, дәрілік өсімдіктер, фармацевтикалық нарық, отандық өнім, биологиялық белсенді заттар, антиоксидант, фармакапия.

**Шакержан С. З.; Жумабаев Н. Н.**

НАО «Казахский Национальный медицинский университет» им. С. Д. Асфендиярова,

Алматы, Казахстан

## АКСАБАК СОМ (*ECHINOPS ALBICAULIS L.*) ИССЛЕДОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ПАРАМЕТРОВ СЫРЬЯ

### **Аннотация**

Целью настоящего исследования является изучение Аксабак сом (*Echinops albicaulis* L.) на основе изучения технологических параметров сырья.

Главной задачей, имеющей большой потенциал развития фарминдустрии Казахстана, является прорыв в отечественном производстве лекарственных средств и медицинских изделий с использованием обильных запасов лекарственных растений и расширением их номенклатуры для свободного доступа всего населения страны к качественной медицинской продукции. Также рост импортозависимости фармацевтического рынка Республики Казахстан ставит перед фармацевтической наукой задачу создания новых лекарственных средств на основе отечественного сырья. Внедрение отечественных лекарственных средств в медико - косметическую практику важно как с экономической точки зрения, так и с точки зрения развития отечественной фармацевтической и косметической индустрии. Современные тенденции в фармацевтической технологии направлены на расширение спектра лекарственных форм, в том числе натуральных лекарственных продуктов. Аксабак сом (*Echinops albicaulis* L.) сырье хорошо изучено сегодня, давно известно его значение в пищевой промышленности, народной и официальной медицине, различных отраслях промышленности и сельском хозяйстве.

**Ключевые слова:** Аксабак, технологические параметры, лекарственные растения, фармацевтический рынок, отечественная продукция, биологически активные вещества, антиоксидант, фармакапия.

**Shakerzhan S. Z., Zhumabayev N. N.**

Naο «Kazakh National Medical University» named after S. Zh. Asfendiyarov.

Almaty, Kazakhstan

## **ELK CATFISH (*ECHINOPS ALBICAULIS* L.) STUDY OF TECHNOLOGICAL PARAMETERS OF RAW MATERIALS**

### ***Annotation***

*The purpose of this study is to study the Alder catfish (*Echinops albicaulis* L.) based on the study of technological parameters of raw materials.*

*The main task, which has a huge potential for the development of the pharmaceutical industry of Kazakhstan, is to make a breakthrough in the domestic production of medicines and medical devices, using the abundant reserves of medicinal plants and expanding their nomenclature so that the entire population of the country has free access to high - quality medical products. Also, the*

*increasing dependence of the pharmaceutical market of the Republic of Kazakhstan on imports sets the task of pharmaceutical science to create new medicines based on domestic raw materials. The introduction of domestic medicines into medical and cosmetic practice is important both from an economic point of view and from the point of view of the development of the domestic pharmaceutical and cosmetic industry. Modern trends in pharmaceutical technology are aimed at expanding the range of dosage forms, including natural medicinal products. Elk catfish (*Echinops albicaulis* L.) the raw material is well studied today, its importance in the food industry, folk and official medicine, various industries and agriculture has long been known.*

**Keywords:** *Alder catfish, technological parameters, medicinal plants, pharmaceutical market, domestic product, biologically active substances, antioxidant, pharmacotherapy.*

**Зерттеу мақсаты:** ақсабақ лақса (*echinops albicaulis* l.) Шикізатының технологиялық параметрлерін зерттеу

**Материалдары мен әдістері:** Шикізатты 5,0 г-нан ұнтақтап алдық. Ұнтақталған шикізаттарды бес өлшеуіш цилиндрлерге салып үстіне су, 30%, 50%, 70% , 96% экстрагенттерді (50 мл) құйып, оларды бірнеше сағатқа тұндырып қойдық. Содан соң шикізаттарды сүзгіш қағаз арқылы бөлек цилиндрлерге өткізіп, алынған экстрагентті белгілеп қойдық. Экстрагентті сіңіру коэффициентін анықтауды 3 рет қайталап орындап, орташа мәнін 7-ші формула бойынша шығардық.

*Ақсабақ лақса (*Echinops albicaulis* L.) өсімдік шикізатының микробиологиялық тазалығын зерттеу.*

Ақсабақ лақса (*Echinops albicaulis* L.) өсімдік шикізатының микробиологиялықтазалығын «С.Ж.Асфендияров атындағыҚазҰМУ» КеАҚ Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасында жүргізілді.

Зерттеу аэробты жағдайларда өсе алатын мезофильді бактериялар менсаңырауқұлақтарғасандық зерттеужүргізуге мүмкіндікбереді.

Жалпы микроб санынанықтау үшінПетри табақшаларындатеренәдісі,беткейлік әдісібойынша себулер (егулер) жүргізілді.

Біріншікезеңдезерттелетінсынаманың10,0грамын100,0млфиз.ерітіндісіндеерітіп,тестүлгісін сынамағадайындап алынды.

**Нәтижелері мен талқылау.** Ақсабақ лақса (*Echinops albicaulis* L.)өсімдік шикізатының технологиялық параметрлерін зерттеу жүргізілді, экстрактивті заттардың шығуы зерттелінді, нәтижесінде 70 %-дық этил спиртінде көп бөлінетіндігі анықталынды.

**Әдебиеттер тізімі**

1. ҚР МФ I том.
2. ҚР МФ II том.
3. Нормативтік құжат: Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің санитарлы-эпидемиологиялық талаптары.

УДК 615.31

**Шарипова А.Ж., Раганина К.Т.**

НАО «Казахский Национальный Медицинский Университет» им. С.Д.Асфендиярова,  
Алматы, Казахстан

**РАЗРАБОТКА СОСТАВА И ТЕХНОЛОГИИ ПОЛУЧЕНИЯ ГЕЛЯ С ЭКСТРАКТОМ  
ЦВЕТКОВ КАЛЕНДУЛЫ ЛЕКАРСТВЕННОЙ (*CALÉNDULA OFFICINÁLIS L*)**

***Аннотация***

*В тезисе рассмотрены методы разработки состава и технологии получения геля с экстрактом цветков календулы лекарственной (*Caléndula officinális L*) для профилактики и лечения кожи при поражении акне и/или угревой сыпи.*

***Ключевые слова:*** акне, экстракты, лекарственные препараты, кожные заболевания.

**Шәріпова А. Ж., Раганина К. Т.**

С.Ж. Асфендияров атындағы "Қазақ ұлттық медицина университеті"КЕАҚ, Алматы,  
Қазақстан

**ДӘРІЛІК КАЛЕНДУЛА ГҮЛІНІҢ СЫҒЫНДЫСЫ БАР ГЕЛЬДІҢ ҚҰРАМЫ  
МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ (*CALENDULA OFFICINALIS*)**

***Аннотация***

*Бұл тезисте безеу және/немесе безеу зақымданған кезде теріні тиімдірек күту үшін дәрілік календула (*Caléndula officinális L*) гүлінің сығындысы бар гельдің құрамы мен технологиясы қарастырылады.*

***Кілт сөздер:*** безеу, сығындылар, дәрі-дәрмектер, тері аурулары.

**Sharipova A.J., Raganina K.T.**

NJSC «Kazakh National Medical University» named after S.Zh. Asfenduyarov, Almaty,  
Kazakhstan

## DEVELOPMENT OF THE COMPOSITION AND TECHNOLOGY OF GEL PRODUCTION WITH EXTRACT OF CALENDULA OFFICINALIS FLOWERS

### *Annotation*

*In this thesis, the development of the composition and technology of obtaining a gel with an extract of calendula officinalis flowers (*Caléndula officinalis* L) for more effective skin care, in case of acne and/or acne lesions is considered.*

**Keywords:** *acne, extracts, medications, skin diseases.*

**Актуальность.** Одной из важных задач, в настоящее время, является разработка косметических препаратов на растительной основе, обладающих противовоспалительными, успокаивающими свойствами для лечения кожных заболеваний [1]. По статистике, кожными заболеваниями, в том числе акне страдают до 80% населения в возрасте от 12 до 25 лет, и примерно 30-40% лиц старше 25 лет [2]. Значительное влияние акне на психоэмоциональную сферу и социальную активность населения, обуславливает его актуальность для разработки новых средств с помощью лекарственного растительного сырья [4].

**Целью** данной работы является разработка состава и технологии получения геля с экстрактом цветков календулы лекарственной (*Caléndula officinális* L) в соответствии с общими требованиями для лечения жирной и проблемной кожи.

**Материалы и методы исследования.** По литературным данным было определено, что экстракт цветков календулы лекарственной (*Caléndula officinális* L) оказывает антибактериальный и противовоспалительный эффект благодаря содержанию нарциссина. [5].

Для получения геля в качестве действующего вещества был использован стандартизованный экстракт календулы. Гелеобразователем выбрана - гидроксипропилцеллюлоза (ГЭЦ)- 1%.

**Результаты.** Выбран оптимальный состав геля: экстракта календулы лекарственной (*Caléndula officinális* L ) 20%, в качестве действующего вещества, вода очищенная 25% – растворители, гелеобразователь - гидроксипропилцеллюлоза (ГЭЦ) 1%, триэтаноламин 1% (ТЭА) – нейтрализующий агент и вспомогательные вещества.[6].



**Выводы.** Препараты на растительной основе имеют спрос и высокие антимикробную, противовоспалительную и другие фармакологические активности. Гель на основе растительного экстракта календулы лекарственной (*Caléndula officinális L*) для лечения заболеваний кожи -перспективное направление

### Список литературы

1. Мелинг А., Бухвальд-Вернер С. Активные ингредиенты растительного происхождения для ухода за проблемной кожей. 2020– Москва: Государственный научный центр дерматовенерологии и косметологии. [Электронный ресурс]: <https://www.cnikvi.ru>.
2. Antibacterial and antioxidant strategies for acne treatment through plant extracts Informatics in Medicine Unlocked, Volume 16, 2019, Pages 100229 Jaykant Vora, Anshu Srivastava, Hashmukh Modi.
3. Comparison of different concentrations of calendula officinalis gel on cutaneous wound healing Nazanin Shafeie, Abotorab Tabatabai Naini and Hossein Kargar Jahromi 2015.
4. Plewig G., Melnik B., Chen W. Plewig and Kligman's Acne and Rosacea. 4<sup>th</sup> ed. Springer International Publishing; 2019. 697 p. [Электронный ресурс]: [www.springer.com/gp/book/9783319492735](http://www.springer.com/gp/book/9783319492735).
5. «Комплексное исследование различных сортов *Calendula officinalis* в южной тайге Западной Сибири», ГА Шмакова - 2020 [Электронный ресурс]: [vital.lib.tsu.ru](http://vital.lib.tsu.ru).
6. Противомикробная активность соединений полифенольной природы В. Г. Лужанин, А. К. Уэйли, А. О. Понкратова, В. В. Новикова, Е. А. Безверхняя [Электронный ресурс]: <https://doi.org/10.33380/2305-2066-2022-11-2-65-72>

УДК 615.31

**Ибрагимұлы Ғ., Құрбанәлі А., Оналбек С., Тынысбек А.**

«Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

### **ШЛТЕРЖАПЫРАҚТЫ ШӘЙҚУРАЙ (*HYPERICUM PERFORATUM*) ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНАН ШЫРЫН ЖАСАУ**

**Ибрагим Г., Курбанали А. С. Оналбек, С. Тынысбек**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент, Казахстан

## ЧАЙНИК КРУЖЕВНОЙ (HYPERICUM PERFORATUM) ПРИГОТОВЛЕНИЕ СОКА ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ

Ibragimuly G., Kurbanali A., Onalbek S., Tynysbek A.

JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

### PREPARATION OF JUICE FROM PLANT RAW MATERIALS

#### Аннотация

Шілтеріжапырақты шәйқурай (*Hypericum perforatum.*) өсімдігі шикізатының технологиялық параметрлерін ҚР МФ көрсетілген жалпы мақалаға сәйкес ескеріле отырып, зерттеулер жүргізілді. Өсімдік шөбінен жинақталған биологиялық белсенді заттардан шырын алудың әдістері қарастырылды.

Шілтеріжапырақты шәйқурай (*Hypericum perforatum.*) шөбінің Қазақстан Республикасында медицинаның негізгі міндеттерінің бірі халықтың денсаулығын жақсарту мен оны дәрімен қамтамасыз етуді дұрыс қолға алу. Бұл тапсырманың бір шешімі ретінде денсаулық сақтау тәжірибесіне өсімдік тектес препараттарды дамыту және енгізу қарастырылған. Соның ішінде халық медицинасында кәдімгі шәйқурай өсімдігінен алынған дәрілік түрлер түрлі ауруларға пайдаланылады. Осыған байланысты Қазақстан өсімдіктер әлемінің жаңа перспективалық дәрілік өсімдіктерін анықтау, оларды зерттеу, оны тәжірибеге енгізу фармацевтикалық ғылымның маңызды мәселелерінің бірі. Қазақстан түрлі өсімдіктер әлемі емдік қасиеті бар өсімдіктерге бай десекте, оларды жеткілікті зерттелмегендіктен кең қолдануға мүмкіндік аз. Осыған орай фармацевтикалық ғылымның даму талаптарының ең маңызды шарттарының бірі - жаңа биологиялық белсенді қосылыстарының негізіндегі кәдімгі шәйқурай өсімдігінен отандық шикізат көздерін іздеу мен оларды қолдануға бағытталған.

Шілтеріжапырақты шәйқурай Шығыс Еуропа, Ресей, Кавказ және Орта Азия жазық даласында кездеседі. Жер су талғамайды. Қиыр Шығыс елдерінде темекі өсімдігі "емдік шөп" деп аталды. Ал Орта Азияда ежелгі кезден емдік мақсатта қолданылған. Кептірілген және тазартылған жапырақтарын мұрын жолдарының қабыну ауруларында иіскеген. Жапырақтарды қайнату арқылы бет терісін ағарту үшін, бастың талшықты бөлігі терісінің кейбір ауруларында және ылғалды сіңіргіш материалдар ретінде қолданылған.

Шілтеріжапырақты шәйқурай шөбінің тұнбалары қышыма және терінің қабыну ауруларында пайдаланылған.

**Кілт сөздер:** Шәйқурай, шөбі, тұндырма, қою экстракт, технология, шырын, экстрагент, перколяция.

**Ғылыми жобаның мақсаты.** Шілтеріжапырақты шәйқурай (*Hypericum perforatum.*) шөбінің биологиялық белсенді заттарын және олардың өңделген өнімдерін жүйелі түрде фармацевтикалық-технологиялық зерттеу.

**Ғылыми жобаның міндеттері:** Шілтеріжапырақты шәйқурай (*Hypericum perforatum.*) шөбінің биологиялық белсенді заттарын және олардың өңделген өнімдерін дайындау үшін технологиялық сатыларын жасау.

**Ғылыми жобаның өзектілігі.** Қазақстан өсімдіктер әлеміне өте бай. Қазақстанның бай флорасы дәрілік өсімдіктерді іздестіруге бағытталған ізденістерді ынталандырады, өсімдіктің құрамындағы шипалық белсенді заттарды анықтау, оларды бөліп алып, физика - химиялық қасиеттерін зерттеу, сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтау, сондай-ақ әдістерін жасап шығару - фармацевтика ғылымын дамыту жолының басты бағыттардың бірі болып табылады.

**Ғылыми жобаны іске асыру әдістері/жолдары:** Зерттеу нысаны ретінде алынған өсімдікке фармацевтикалық-технологиялық зерттеу жұмыстарын Қазақстан Республикасының МФ сәйкес жүргізілді. ҚР МФ берілген әдіс бойынша сулы-спиртті ерітіндінің әртүрлі концентрациясында шілтеріжапырақты шәйқурайдың сығындылары қолданылды.

**Күтілетін нәтижелер:** Шілтеріжапырақты шәйқурай (*HYPERICUM PERFORATUM*) өсімдік шикізатынан алынатын дәрілік шырын.

**Жобаның Қазақстандық және әлемдік ғылым үшін:** Шілтеріжапырақты шәйқурай шөбінің тұнбалары қышыма және терінің қабыну ауруларында пайдаланылатындықтан, алынған шырын фармация саласындағы кемде-кем препарат.

УДК 615.31

**Сағындықова Б.А., Орынбасарова К.К., Шойнбаева Г.Б.**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

**ҰСАҚГҮЛДІ ЖҰПАРГҮЛ (*ORIGANUM TYTTANTHUM GONTSCH.*) ШӨБІНЕ  
МАКРОСКОПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

**Аннотация**

Қазіргі таңда жанама әсері аз препараттарды іздеудегі негізгі мәселелердің бірі дәрілік өсімдік шикізатының жаңа түрлерін зерттеп, медицинаға енгізу. Мақалада ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum* Gontsch.) өсімдігіне фармакогностикалық зерттеу нәтижелері көрсетілген. Зерттеу барысында макрокопиялық және микрокопиялық зерттеу тәсілдері қолданылды. Өсімдіктің сабағына, жапырағының астыңғы және үстіңгі бетіне, гүлшоғырына, гүліне анатомо-морфологиялық ерекшеліктерін көрсете отырып, сипаттама берілді.

**Кілт сөздер:** ұсақгүлді жұпаргүл, макрокопиялық және микрокопиялық зерттеулер, диагностикалық белгілері, морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктері.

**Сағындыкова Б. А., Орынбасарова К. К., Шойнбаева Г. Б.**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент, Казахстан

**СИРЕНЬ МЕЛКОЗЕРНИСТАЯ (ORIGANUM TYTTANTHUM GONTSCH.)  
МАКРОСКОПИЧЕСКОЕ И МИКРОСКОПИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ТРАВЫ**

**Аннотация**

В настоящее время одной из основных проблем при поиске препаратов с низким побочным эффектом является изучение и внедрение в медицину новых видов лекарственного растительного сырья. В статье представлены результаты фармакогностических исследований растения душицы мелкоцветковой (*Origanum tyttanthum* Gontsch.). В исследовании использовались макрокопические и микрокопические методы исследования. Дана характеристика стебля, нижней и верхней поверхности листьев, соцветий, цветков растения с указанием анатомо-морфологических особенностей.

**Ключевые слова:** душица мелкоцветковая, макрокопические и микрокопические исследования, диагностические признаки, морфологические и анатомические особенности.

**Sagyndykova B. A., Orynbasarova K. K., Shoinbayeva G. B.**

JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

**SMALL-LEAVED LILAC (ORIGANUM TYTTANTHUM GONTSCH.) MACROSCOPIC  
AND MICROSCOPIC EXAMINATION OF GRASS**

**Annotation**

Currently, one of the main problems in the search for drugs with a low side effect is the study and introduction of new types of medicinal plant raw materials into medicine. The article presents the results of pharmacognostic studies of the small-flowered oregano plant (*Origanum tyttanthum* Gontsch.). The study used macroscopic and microscopic methods of investigation. The characteristics of the stem, the lower and upper surface of the leaves, inflorescences, flowers of the plant are given, indicating anatomical and morphological features.

**Keywords:** oregano, macroscopic and microscopic studies, diagnostic signs, morphological and anatomical features.

Қазақстан жерінде ғасырлар бойы ата-бабаларымыз дәстүрлі түрде қолданып келе жатқан дәрілік өсімдік шикізат қоры өте көп және тамырлы өсімдіктердің 159 тұқымдасқа жататын 6000-ға жуық түрі бар, солардың ішінде емдік қасиетке ие дәрілік өсімдіктердің аннотацияланған тізіміне сай дәрілік өсімдіктердің 1500-ге жуық түрі бар, олардың 260 түрін ғана фармацевтикалық ұйымдарға қолдануға ресми рұқсат етілген. Басқа дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық қасиеттері аз зерттелген [1, 2]. Дәрілік өсімдіктерді медициналық фитопрепараттарды алу үшін шикізат көздері ретінде жан-жақты зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады [3].

*Origanum* (*Lamiaceae*) тұқымдасының шамамен 40 түрі бар. Олардың көпшілігі Жерорта теңізінің маңындағы Греция, Оңтүстік Балқан және кіші Азия елдерінде таралған [4].

Жұпаргүл шөптерінен сулы сығындылар халықтық медицинада жедел және созылмалы холецистит, созылмалы гастрит, ойық жаралы колит, жедел және созылмалы бронхит, пневмония, несеп тас ауруларында, қант диабеті, сондай-ақ седативті, тырысуға қарсы, холеретикалық және асқазан секрециясының стимуляторы ретінде ежелден қолданылады.

Фармацевтік практикада қызығушылық тудыратын өсімдіктердің бірі ұсақгүлді жұпаргүл болып табылады. Ұсақгүлді жұпаргүл Авиценна жазбаларында диабетке қарсы құрамында эфир майлары бар өсімдіктер қатарына жатқызылып, сипатталған. Өсімдіктің дәрілік қасиеттері Диоскорид пен Аристотельдің еңбектерінде де келтірілген. Авиценнаның зерттеулерінде, жұпаргүл ежелгі уақытта буын ауруларында, бауыр мен асқазанды емдеуде қолданылған. Тіс ауруы кезінде орегано шөптерін шайнау және тіс тастарын тазарту үшін ұсынған [6].

Ұсақгүлді жұпаргүлдің кейбір фармакологиялық әсерлері кәдімгі жұпаргүл өсімдігінен жоғары екендігі анықталған. Мысалы, ұсақгүлді жұпаргүлдің холеретикалық

қасиеті кәдімгі жұпаргүлден жоғары болып, егеуқұйрықтарда холелитогенді диета кезінде 5 мл/кг дозада белсенді холеретикалық әсер көрсетеді [5]. Л. А. Еркібекова мен Г. К. Никонов ұсақгүлді жұпаргүл өсімдігін медициналық тәжірибеде кәдімгі жұпаргүлмен қатар қолдануды ұсынады, өйткені, ол тіпті фенолдардың құрамы мен майдың шығымы жағынан ресми түрде жұпаргүлден асып түседі [7].

Ұсақгүлді жұпаргүл таулардың орта белдеуінде, ұсақ түйіршікті және қиыршық тасты топырақтарда өседі және Қазақстанның оңтүстік аймағында Түркістан, Созақ, Бәйдібек, Сайрам, Түлкібас, Төле би, Қазығұрт өңірлерінде кездеседі [12]. Қазақстанда өсетін ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum Gontsch.*) өсімдігін шикізат ретінде қолдану үшін толыққанды зерттеу және жаңа дәрілік түрлер дайындап, одан әрі дамыту үшін олардың негізінде субстанциялар алу өзекті болып табылады. Макроскопиялық және микроскопиялық зерттеу ұсақгүлді жұпаргүл дәрілік өсімдік шикізатының түпнұсқалығын айқындайды және өсімдік шикізатын стандарттаудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum Gontsch.*) өсімдігіне тән диагностикалық белгілері мен анатомиялық ерекшеліктерін анықтау.

Материалдар мен тәсілдер: Зерттеу объектісі ретінде Түркістан облысы, Төлеби ауданының Керегетас ауылының Қасқасу ауыл аймағында тау бөктерінен гүлдеу кезеңінде жиналған ұсақгүлді жұпаргүл шөбінің жер үсті бөлігі алынды.

Өсімдік шикізатының морфологиялық топтарын зерттеу үшін тұтас шикізат қолданылды. Өсімдіктің сыртқы белгілерін анықтау өсімдіктің жер үсті бөліктеріне жай көзбен немесе ұлғайтқыш әйнек көмегімен (10x) жүргізілді [8, 9, 10].

Ұсақгүлді жұпаргүл шикізатынан микропрепараттар дайындау үшін алдымен үлгіні ағарту жүргізілді. Шикізат бөліктері пробиркаға салынып, ағартылғанға дейін 5% натрий гидроксидінің сумен (1:1) сұйылтылған ерітіндісі қосылды және 1-2 минут қайнатылып, шикізат бөліктері сумен мұқият жуылды және заттық шыныға глицерин ерітіндісінің тамшысына салынып, скальпельмен немесе препараттық инемен екі бөлікке бөлініп, олардың біреуі мұқият аударылды [10,11].

Үлгі жабын әйнекпен жабылып, ауа көпіршіктері жойылғанға дейін аздап қыздырылып, салқындағаннан кейін микроскоппен екі жағынан, алдымен кішкене, содан кейін үлкен ұлғайтқыш арқылы қаралды. Сабақ фрагменттері 5% натрий гидроксиді ерітіндісінде 5 – 10 минут қайнатылып, сумен жуылады, эпидермисті скальпельмен немесе медициналық инелермен бөліп, оны бетінен қарайды; қалған тіндерден объектіні заттық шыныда скальпельмен ұсақтап, глицерин ерітіндісінде препарат дайындалды. Зерттелетін объектіге

анатомо-морфологиялық талдау MEIJI TECHNO (Жапония) электронды микроскоп көмегімен 4/0,10 (160/-), 10/0,25 (160/-) және 40/0,65 (160/0,17) ұлғайтқышпен жүргізілді.

Макроскопиялық зерттеу нәтижесі бойынша ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum* Gontsch.) көпжылдық шөптесін өсімдік, биіктігі 15-85 см, көп сабақты өсімдік болып сипатталды. Гүлдеу кезеңі маусым – тамыз аралығында. Сабақтары сирек және қысқа түкті немесе жалаңаш, ұзындығы 10-15 (40) мм. Сабақтары төрт қырлы, қатпарлы, түсі жасыл, кейде қара қошқыл.

Жапырақтары, жұмыртқа тәрізді эллипс тәріздес немесе сопақша, негізіне қарай сына тәрізді, шыңында өткір немесе өткірлеу, жалаңаш, нүктелі, қызғылт, айқын көрінетін бездермен тығыз жабылған, көрнекті тамырлары бойымен және шетінде аз кірпікшелі, тұтас жиекті және сағақты, ұзындығы 20-40 мм болып анықталды.


Гүлшоғыры кең, ұзын, аралық, жінішке бұтақтары бар, сыпырғы тәрізді, көп гүлді, жайылған. Гүлдер борпылдақ көп гүлді қолшатыр тәрізді, 1,7 см-ге дейін созылады; бұтақтар эллипс тәрізді, өткір, гүлдену кезінде тостағаншадан сәл ұзын. Тостағанша қоңырау тәрізді, ұзындығы шамамен 3 мм, нүктелі бездері бар, жалаңаш, үшбұрышты-ланцет тәрізді тістері бар, түтікшеден 2-2, 5 есе қысқа, ұзындығы шамамен 1 мм гүлдейді, іші түкті сақинасы бар, тостағаншадан шықпайды, түтіктің жартысына тең.

Гүлдері ұзындығы 4-5 мм, ақ немесе бозғылт күлгін, сырты тығыз үлпілдек, бездері бар, тостағаннан көрнекті түтігі бар, күлте жапырақшалары қос ерінді; төменгі ерні біршама ұзын, үш ойықты, дөңгелектелген ойықтары бірдей; баған күлте жапырақшадан сәл асып түседі; жаңғақтары жұмыртқа тәрізді, ұзындығы 0,75 мм, ені 0,5 мм, тегіс, жалаңаш, үшбұрышты (сурет 1).




Сурет 1 - Ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum* Gontsch.) макроскопиялық көрінісі  
(жерүсті бөлігі, жапырақтары, гүлшоғыры, жапырақтары).

Ұсақгүлді жұпаргүл бүтін сабағының микроскопиясын жасау барысында сабағының жабындық ұлпасы кутикуламен қапталғанын байқауға болады. Өткізгіш шоқтары концентрлі орналасқан, жабық шоқ. Сабағының көп бөлігін негізгі ұлпа, өзегі алып отырады (сурет 2, 3).



1-өзегі (негізгі ұлпасы), 2- хлоренхима, 3-эпидерма қабаты, 4-кутикуламен қапталған эпидерма қабаты, 5-эндодерма қабаты, 6-флоэма (тін талшықтары), 7-ксилема түтіктері, 8-өзегі, 9-жабындық ұлпаның қабырғасы түзу эпидерма жасушасы.

Сурет 2 - Ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum* Gontsch.) сабағының көлденең кесіндісінің анатомиялық құрылысының микроскопиясы.




1-эпидерма, 2- алғашқы қабық, 3-хлоренхима қабаты, 4-трихома.



Сурет 3 – Ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum Gontsch.*) сабағының тік кесіндісінің анатомиялық құрылысының микроскопиясы.

Ұсақгүлді жұпаргүл жапырағының микроскопиясын анықтау барысында жапырақтың үстіңгі және астыңғы тақтасының эпидерма жасушалары әртүрлі екендігі анықталды: үстіңгі тақтасының эпидерма жасушаларының қабырғалары әлсіз иректелген көпбұрышты, ал астыңғы тақтасының эпидерма жасушаларының қабырғалары қатты иректелген. Устьица жапырақтың екі жағында да орналасады, бірақ астыңғы тақтасында устьицаның саны көбірек. Түктердің бірнеше түрі анықталды: түбі кеңейтілген түк, екі жасушалы және көпжасушалы түктер (сурет 4).




А-жапырақтың үстіңгі беті; Б-жапырақтың астыңғы беті; 1-аномацитті устьица, 2- қабырғасы әлсіз иректелген көпбұрышты эпидерма жасушалары, 3-қабырғасы қатты иректелген эпидерма жасушалары, 4-басты түктер, 5-аномацитті устьица, 6- көпжасушалы эфир майлы безі, 7 – жабынды, біржасушалы түктер, 8 – қабырғасы жұқа, иректелген эпидерма жасушалары, 9 – қалпақты эфирмай бездері, 10 - екі жасушаға перпендикуляр орналасқан диацитті устьица, 11-төрт жасушаға бөлінген эфирмай бездері.

Сурет 4 - Ұсақгүлді жұпаргүл (*Origanum tyttanthum Gontsch.*) жапырағының үстіңгі А және астыңғы Б бетінің анатомиялық құрылысының микроскопиясы.

Ұсақгүлді жұпаргүл гүлінің микроскопиясы эпидерма жасушаларының қабырғасы иректелгендігін көрсетті. Екі жасушаның қабырғасына перпендикуляр орналасқан диацитті

устыца типтері кездеседі. Қысқа түктері көпжасушалы. Саусақтәрізді түктер де кездеседі (сурет 5).



